

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2020 жылғы 4 маусым

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті Сенат депутаттары және отырысқа қатысушылар! Сенаттың кезекті отырысын бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 47 депутат. Қажетті кворум бар. Сенаттың отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті сенаторлар! Алдымен күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жок.

ТӨРАҒА. Күн тәртібін дауысқа қоямыз. Дауыс беру режимі қосылсын. Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 47 депутат, «жақтағандар» – 47. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі бірінші мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Еуразиялық экономикалық одақ пен Қытай Халық Республикасының кедендік шекаралары арқылы өткізілетін тауарлар мен халықаралық тасымалдың көлік құралдары жөнінде ақпарат алмасу туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Қаржы министрі Ерұлан Кенжебекұлы Жамаубаевқа беріледі

ЖАМАУБАЕВ Е.К. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Сіздердің қарауларыңызға «Еуразиялық экономикалық одақ пен Қытай Халық Республикасының кедендік шекаралары арқылы өткізілетін тауарлар мен халықаралық тасымалдың көлік құралдары жөнінде ақпарат алмасу туралы келісімді ратификациялау туралы» Заң жобасы шығарылып отыр.

Келісімге 2019 жылғы 6 маусымда Петербург Халықаралық экономикалық форумының шеңберінде Еуразиялық экономикалық кеңес (ЕЭК) Алқасының Төрағасы, Одаққа мүше мемлекеттердің Вице-премьерлері және Қытай Халық Республикасының Сыртқы істер министрі қол қойды.

Келісімнің ережелері ақпарат алмасудың негізгі кезеңдерін, тараптардың өзара іс-қимыл тетігін және мәліметтердің көлемі мен құрамына қойылатын талаптарды регламенттейді.

Жеке тұлғалардың пайдалануына арналған тауарларды қоспағанда, сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың экспорттық және транзиттік декларациялары бойынша өзара деректермен алмасу көзделген.

Ақпарат алмасуды Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесі мен Қытай Халық Республикасының уәкілетті органдарының ұлттық ақпараттық жүйесін пайдалана отырып электрондық түрде жүзеге асырылатын болады.

Келісім күшіне енген күннен бастап 18 айдан кешіктірмей мәліметтің құрылымын, форматын, сондай-ақ ақпарат алмасудың техникалық шарттарын анықтайтын жекелеген хаттамалар қабылданатын болады.

Аталған хаттамалар Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің орталық кеден органдары мен Қытай Халық Республикасының Бас кеден басқармасы арасында жасалады және одан әрі ратификациялауды талап етпейді.

Құрметті депутаттар, осы келісім бойынша ақпарат алмасу кедендік операцияларды жүргізуді жеделдетуге, алынған мәліметтерді тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін арттыру мақсатында қолдануға және кедендік бақылаудан жалтару фактілерін анықтау мүмкіндігін айқындауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында екі тараптың кедендік аумақтарына ықтимал қауіпті, өткізуге тыйым салынған және шектелген тауарларды әкелуге байланысты тәуекелдерді азайту көзделіп отыр.

Келісімді іске асыру республикалық бюджеттен қаражат бөлуді талап етпейді. Осы келісімді ратификациялау бойынша оң шешім қабылдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Әріптестер, баяндамашыға сұрақтарыңыз бар ма? Сөз депутат Мұсабаев Талғат Амангелдіұлына беріледі.

МҰСАБАЕВ Т.А. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Қытай – Қазақстан Республикасының негізгі сауда серіктестерінің бірі болып табылады. Оған Қазақстанның жалпы тауар айналымының алтыдан бір бөлігі, 15 пайызы келеді.

Сөз жоқ, қарастырылып отырған ақпарат алмасу туралы келісім Еуразиялық экономикалық одақтың Қытаймен сауда-саттығының кедендік статистикасының деректер алшақтығын азайтуға мүмкіндік береді.

Келісімде тараптардың жекелеген хаттамаларға сәйкес техникалық дайындық туралы келісімге қол жеткізуіне қарай ақпарат алмасуды біртіндеп іске асыру көзделеді.

Осыған байланысты сұрақ. Қазіргі уақытта аталған интеграциялық жүйенің техникалық дайындығы қандай деңгейде? Жүзеге асырудың бастапқы және кейінгі кезеңдерінде Қытай Халық Республикасымен қандай өнім түрлері бойынша ақпарат алмасу жүзеге асырылады? Осы мәселе бойынша қандай жоспарлар бар? Рақмет.

ЖАМАУБАЕВ Е.К. Рақмет, Талғат Амангелдіұлы.

Әрине, бұл жүйенің негізгі мақсаты ақпараттық жүйелерге келіп тіреледі. Сұрағыңыз орынды.

Қазақстанға келетін болсақ, біздің ақпараттық жүйеміз толығымен дайын. Бұл «Астана–1» деген ақпараттық жүйе, бұл – былтыр толық өнеркәсіптік деңгейде іске қосылған кедендік жүйе.

Егерде жалпы Еуразиялық экономикалық одақтың көлеміне келетін болсақ, Еуразиялық одақтың комитетінде интеграцияланған ақпараттық жүйе бар. Бұл интеграцияланған ақпараттық жүйеге «Астана–1» ақпараттық жүйесінен біз тиісті ақпаратты беріп отырамыз. Осы берілетін ақпараттың қазіргі тетіктерін ЕЭК талқылап жатыр.

Егерде тауарлардың түріне келетін болсақ, әрине, біз біріншіден тәуекелдігі жоғары тауарларды қарайтын боламыз. Бұл – аяқ киім, халықтың тұтынатын киімдері, ойыншықтар және де басқа қымбат бұйымдар. Тәуекелдігі жоғары деп бірінші кезекте соларды тізімге енгізетін боламыз.

Әрине, келісімшарт әрі қарай іске қосылғаннан кейін тауарларды тараптармен бірге ақылдаса отырып, кеңейтетін боламыз, себебі біздің негізгі мақсатымыз контрабанданы болдырмау, бюджетке көптеп ақша түсіру және ақпараттың барынша толық алмасуын қамтамасыз ету болып табылады.

ТӨРАҒА. Түсінікті. Басқа сұрақтар жоқ. Ерұлан Кенжебекұлы, сізге рақмет, орныңызға отыруға болады.

Құрметті әріптестер, қосымша баяндама жасау үшін сөз Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Бақтыбай Ақбердіұлы Шелпековке беріледі.

ШЕЛПЕКОВ Б.А. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Келісімнің мақсаты Еуразиялық экономикалық одақ пен Қытай елінің кедендік шекаралары арқылы өткізілетін халықаралық тасымалдағы тауарлар мен көлік құралдары жөнінде ақпарат алмасу бойынша ынтымақтастықты ұйымдастыру болып табылады.

Халықаралық сауданың жедел өсуіне әсер ететін факторлардың бірі – осындай құжаттарды уақытылы жаңарту деп есептеймін.

Заң жобасының ережелері қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында тыйым салынған, шектелген тауарларды екі тараптың кедендік аумақтарының басқаруының тиімділігін арттыруға бағытталған. Сонымен қатар екі тараптың кедендік аумағына әкелінетін тауарларға қатысты кедендік операцияларды жүргізуді жеделдету, ақпарат алмасу және халықаралық логистикалық арналарды құру көзделген.

Бұл ретте орталық кеден органдары арасында экспортталатын тауарлар шығарылғаннан кейін төрт сағаттан кешіктірмей ақпарат алмасуды жүзеге асыру мүмкіндігі беріледі.

Келісім одаққа мүше мемлекеттердің орталық кеден органдары мен Қытай елінің кеден басқармасы арасындағы жеке хаттамаларға сәйкес ақпарат алмасуды кезең-кезеңімен іске асыруды көздейді.

Хаттамаларда мәліметтердің көлемі мен құрамы, сондай-ақ ақпарат алмасудың техникалық шарттары айқындалатын болады. Сонымен қатар осы келісімді іске асыру

шеңберінде Еуразиялық экономикалық одақ және Қытай кедендік шекаралары арқылы автомобиль, теміржол, әуе, су көлігінің түрлерімен өткізілетін тауарлар туралы ақпарат алмасу жүзеге асырылады.

Берілетін мәліметтердің құрылымы мен форматы халықаралық стандарттарға сәйкес Дүниежүзілік кеден ұйымының және Біріккен Ұлттар Ұйымының деректерді электрондық алмасу саласындағы ұсынымдарын ескере отырып әзірленген.

Келісімді іске асыру шеңберінде жеке тұлғалар алып өтетін, сондай-ақ халықаралық пошта арқылы жолданатын тауарлар және мемлекеттік құпияны құрайтын ақпараттармен алмасу жүзеге асырылмайды.

Келісімді іске асыру барысында туындайтын кез келген келіспеушіліктер келіссөздер жолымен шешіледі.

Халықаралық экономикалық қатынастардың дәстүрлі және ең кең дамыған нысанына сыртқы сауда жатады. Дүниежүзіндегі елдердің барлығы үшін сыртқы сауданың рөлі ерекше маңызды.

Келісімнің барлық нормалары сауда кедергілерін азайтуға, еркін экономикалық халықаралық сауданың құрылуына мүмкіндік туғызуға бағытталған.

Жоба жұмыс тобының отырысында, комитеттің және комитеттің кеңейтілген отырысында қаралып талқыланды. Сенаттың тұрақты комитеттерінен заң жобасы бойынша ескертулер мен ұсыныстар түскен жоқ.

Құрметті әріптестер! Қаржы және бюджет комитеті «Еуразиялық экономикалық одақ пен Қытай Халық Республикасының кедендік шекаралары арқылы өткізілетін халықаралық тасымалдағы тауарлар мен көлік құралдары жөнінде ақпарат алмасу туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңын қабылдауды сұрайды.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Бақтыбай Ақбердіұлы.

Енді заң жобасын талқылауға көшейік. Сөз депутат Қылышбаев Нұрлан Наурызұлына беріледі.

ҚЫЛЫШБАЕВ Н.Н. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Мен бұл заң жобасын қолдаймын және әріптестерімді қолдауға шақырамын.

Келісімнің ережелері ақпарат алмасудың негізгі кезеңдерін, тараптардың өзара іс-қимыл тетігін және мәліметтердің көлемі мен құрамына қойылатын талаптарды реттейді.

Бұл алынған мәліметтерді тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін арттыру және кедендік бақылау нысанын жетілдіру мақсатында қолдануға, Еуразиялық экономикалық одақ пен Қытай Халық Республикасының кедендік аумақтарына әкелінетін тауарларға, сондай-ақ транзитпен өткізілетін тауарларға қатысты кедендік операцияларды жүргізуді жеделдетуге мүмкіндік береді.

Бүгінгі қаралып отырған келісім «Батыс Қытай – Батыс Европа» жобасын нығайтуға және әрі қарай дамытуға, еліміздің транзиттік әл-ауқатын арттыруға жағдай жасайды.

Құрметті әріптестер, заң жобасын қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Талқылау аяқталды. Енді заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

«Еуразиялық экономикалық одақ пен Қытай Халық Республикасының кедендік шекаралары арқылы өткізілетін тауарлар мен халықаралық тасымалдың көлік құралдары жөнінде ақпарат алмасу туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 47 депутат, «жақтағандар» – 47. Заң қабылданды.

Заң жобасы бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар! Күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне соғыс жағдайы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде. Заң жобасы бірінші оқылымда қаралады.

Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары Мұрат Кәрібайұлы Бектановқа беріледі.

БЕКТАНОВ М.К. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Заң жобасының негізгі мақсаты соғыс жағдайы саласындағы заңнаманы жетілдіру болып табылады.

Бұл елімізде қауіпсіздікке төнетін қатерге ден қою үшін мемлекеттің қорғаныс потенциалын қолдау қажеттігінен туындап отыр.

Заң жобасы Еңбек кодексіне, «Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы», «Жұмылдыру даярлығы мен жұмылдыру туралы», «Соғыс жағдайы туралы», «Мемлекеттік құпиялар туралы», «Білім туралы», «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» заңдарға түзету енгізуді көздейді.

Оның негізгі мақсаты – мемлекеттің соғыс жағдайы кезеңінде жұмыс істеуі, сонымен қатар бейбіт уақытта оған дайындалу мәселесін құқықтық реттеу болып табылады.

«Соғыс жағдайы туралы» Заңда Президенттің өкілеттіктерін толықтыру ұсынылып отыр. Ол бейбіт уақытта іске асырылады.

Бұл соғыс жағдайы шараларын қолдану тәртібін айқындау, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Жоғарғы Бас қолбасшылығының Ставкасы туралы, қорғаныс кеңестері туралы, соғыс жағдайы кезеңінде Үкіметтің қызметін ұйымдастыру туралы ережелерді бекіту болып табылады.

Одан басқа Үкіметтің құзыреті мынадай өкілеттіктермен толықтырылады:

бейбіт уақытта соғыс жағдайы кезеңіндегі министрліктер туралы ережені бекіту;

соғыс жағдайы кезеңінде мемлекеттік органдарды соғыс уақытындағы штатқа көшіруді ұйымдастыру;

жергілікті атқарушы органға азаматтық және аумақтық қорғаныс шарасын қамтамасыз ету міндетін белгілеу.

Сонымен қатар соғыс жағдайы кезеңінде жергілікті атқарушы органның өкілеттігін көздеу, оларға облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың қорғаныс кеңестерін құруға өкілеттік беру ұсынылады.

Бұл ретте қорғаныс кеңестері әскери басқару органы ретінде соғыс жағдайы шарасының орындалуын қамтамасыз етеді. Олар тек соғыс жағдайы кезеңінде құрылады, сондықтан Қарулы Күштердің құрылымына кірмейді.

Күзетілетін адамдар мен объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесіне түзету енгізу ұсынылады.

Осы жаңа міндеттер Қарулы Күштер, басқа да әскер мен әскери құрылым, сондай-ақ мемлекеттік органдар үшін енгізілуде.

«Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы» Заңға қорғанысты жоспарлау бойынша бірқатар түзету енгізу ұсынылады. Олар жүйелі түрде, яғни барлық басқару вертикалі бойынша қаралды. Әрбір деңгейге тиісті өкілеттік пен функция енгізіледі.

Біріншіден, Президент өкілеттігін Қорғанысты жоспарлау қағидасын бекітумен толықтыру ұсынылады. Онда жоспардың құжаттар жинағы, мемлекеттік органның құжатты әзірлеу құзыреті көзделген.

Екіншіден, Қорғаныс министрлігін Қорғаныс жоспарын әзірлеуді үйлестіретін өкілетті орган, ал Бас штабты оның әзірлеушісі ретінде айқындау ұсынылады. Басқа да әскер мен әскери құрылым жоспарды әзірлеуге қатысады.

Үшіншіден, орталық атқарушы органның функциясына осы жоспарды іске асыру шеңберінде ісшараны орындауды қосу ұсынылады. Ал жергілікті атқарушы органның өкілеттігін аумақтық қорғаныс жоспарын әзірлеу құзыретімен толықтыру ұсынылады. Бұл ретте Бас штабта бұл жоспар келісілетін болады.

Сонымен қатар меншік нысанына қарамастан ұйымдардың функцияларын нақтылау, оның ішінде объектіні күзетуге және қорғауға дайындау ұсынылып отыр.

«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңға запастағы сержантты даярлау бойынша бірнеше түзету енгізіледі.

Әскери резервті толықтыру мақсатында әскери кафедрада ақылы негізде запастағы сержанттарды даярлау ұсынылады.

«Білім туралы» Заңға жоғары білім беру ұйымына осы бағдарлама бойынша ақылы негізде запастағы сержанттарды даярлау өкілеттілігін беру туралы толықтыру ұсынылады.

«Мемлекеттік құпиялар туралы» Заңда мемлекеттік құпияны қорғау туралы нұсқаулықтың атауы нақтыланады.

Сонымен, бірқатар редакциялық түзету және нақтылау ұсынылады.

Құрметті депутаттар, осы түзетулер соғыс жағдайы жөніндегі заңнамалық актіні қазіргі заманғы жағдайға сәйкес келтіруге мүмкіндік береді. Одан басқа соғыс жағдайы кезеңінде мемлекеттің жұмыс істеу механизмін жетілдіреді.

Қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Әріптестер, заң жобасы бойынша сұрақтарыңыз бар ма? Слово предоставляется депутату Лукину Андрею Ивановичу.

ЛУКИН А.И. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Мои вопросы адресованы первому заместителю Министра обороны Мурату Карибаевичу Бектанову.

Уважаемый господин генерал! Чем обоснована подготовка младших сержантов запаса на военных кафедрах высших учебных заведений? Противоречит ли эта концепция подготовке высокопрофессионального состава в высших учебных заведениях для мобилизационного резерва?

Почему студенты военных кафедр не принимают военную присягу сразу после зачисления на военную кафедру, по аналогии с учебными заведениями Министерства обороны Республики Казахстан, в целях единообразия военного образования, воспитания патриотических качеств? В связи с чем военная подготовка граждан по программе офицеров запаса проводится на безвозмездной и возмездной основе, а по программе сержантов запаса – исключительно на возмездной основе в высших учебных заведениях? Благодарю Вас.

БЕКТАНОВ М.К. Спасибо за вопросы.

Необходимость подготовки студентов на военных кафедрах обусловлена следующим.

Во-первых, это подготовка военнообязанного резерва. В настоящее время мы готовим военнообязанный резерв из числа офицеров на военных кафедрах высших учебных заведений. Солдат рядового запаса мы готовим по прохождению воинской службы в войсках. Сержантов запаса как военный резерв практически мы нигде не готовим. Кадетский корпус, который выпускает сержантов, покрывает текущий некомплект. Как правило, сержанты уходят в запас в 45–47 лет. Предельный возраст его нахождения в запасе как военно-обученного резерва 50 лет. Поэтому возникла необходимость готовить сержантов запаса в высших военных учебных заведениях. В то же время практически все сержанты запаса имеют военно-учебную специальность мотострелков и танкистов.

Нам еще необходим военно-обученный резерв сержантов-артиллеристов, войск ПВО, связистов и других специальностей. Сейчас на военных кафедрах высших учебных заведений готовят офицеров запаса. Там есть и база для подготовки по этим направлениям, и персонал.

Что касается принятия военной присяги. Согласно программам подготовки на военных кафедрах в учебных заведениях, утвержденным ректорами, присяга принимается после освоения студентами теоретических и практических основ военной подготовки.

Если по аналогии с военным учебным заведением, мы отчисляем курсанта, если он плохо учится, и отправляем в войска. Если он принял присягу вначале и не освоил всех азов военной подготовки, он отчисляется из военной кафедры, в таком случае он не получает воинскую учетную специальность. В этой связи принято решение, что на

учебных сборах в воинских частях принимают военную присягу со всем ритуалом этого мероприятия.

ТӨРАҒА. Следующее слово для вопроса предоставляется депутату Ершову Сергею Михайловичу.

ЕРШОВ С.М. Спасибо, уважаемый Маулен Сагатханович.

Введение режима военного положения требует принятия соответствующих мер. В действующей редакции закона определены полномочия Президента и Правительства страны. В предлагаемом Министерством обороны законопроекте добавляется компетенция местных исполнительных органов по созданию в этот период советов обороны, на них возлагается обеспечение выполнения мер военного положения.

Уважаемый Мурат Карибаевич, поясните, насколько важна эта поправка, какая роль отводится местным исполнительным органам в обеспечении режима военного положения. Спасибо.

БЕКТАНОВ М.К. Спасибо за вопрос, Сергей Михайлович.

В действующем Законе «О военном положении» предусмотрены задачи Вооруженных Сил и других государственных органов по обеспечению мер военного положения. Задачи местных исполнительных органов в этом законе не предусмотрены. Вводимой нормой устраним этот пробел. В системе государственного управления местным исполнительным органам отводится роль непосредственно исполнять меры по обеспечению военного положения в пределах административно-территориальных единиц.

При введении военного положения создаются советы обороны местными исполнительными органами во главе с акимами. Они имеют задачи по поддержанию режима военного положения, введению территориальной и гражданской обороны, проведению мобилизации в пределах административно-территориальных единиц, обеспечению устойчивого функционирования объектов экономики и жизнедеятельности государства.

Уже есть соответствующая закрытая директива Верховного Главнокомандующего, где все задачи, функции местным исполнительным органам определены и направлены им.

Я хочу сказать, что во время обеспечения режима ЧП местными исполнительными органами создавались оперативные штабы, которые руководили деятельностью силовых структур, полицейских служб, Комитета по чрезвычайным ситуациям, Национальной гвардии и призванных на специальные сборы территориальных войск. Спасибо.

ТӨРАҒА. Жақсы. Басқа сұрақтар жоқ. Рақмет, Мұрат Кәрібайұлы, орныңызға отыруға болады.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі Нұржан Нұрланбекұлы Нұрсипатовқа беріледі.

НҰРСИПАТОВ Н.Н. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, қадірменді әріптестер! Қарастырылып отырған заң жобасы өте маңызды. Біз әлемнің қалай қарқынды өзгеріп

жатқанын, өмірдің барлық саласында қоғамдық қарым-қатынастардың күрделенгенін, жаңа технологиялардың қалай тез пайда болып жатқанын көріп отырмыз және осындай өзгерістер салдарының бірі әскери қақтығыстардың таралуы болып табылады.

Бүгінгі көзқараста соғыс ұғымы классикалық ұғымға қарағанда кең және тереңірек. Осы заманғы соғыс орасан зор шығындарды алып келеді, өйткені жыл сайын жаңа қару түрлері шығарылып, қолданылуда.

Қазіргі заманғы соғыстарда тіршілікті қамтамасыз ету нысандарын жойқын қарумен істен шығару бейбіт тұрғындар үшін өте үлкен қауіп төндіреді. Сондықтан да қазіргі заманғы әскери қақтығыстардың сипатын ескере отырып, Қазақстан олардың жаңа нысандары мен көріністеріне бейімделіп, қорғанысқа және жалпы әскери қауіпсіздікті қамтамасыз етуге дайын болуы қажет.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне соғыс жағдайы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы қазіргі заманғы қауіп-қатерлер мен әскери қақтығысқа байланысты мемлекеттің, Үкіметтің жұмыс істеу тетігін жетілдіреді.

Әрине, бұл ретте Қорғаныс министрлігінің, Бас штабтың қызметіне де ерекше талаптар қояды. Сондықтан заң жобасымен олардың өкілеттіктері нақтыланып, кеңейтілуде.

Заң жобасының тағы бір басты жаңалығы мыналар:

өңірлерде қорғаныс кеңестерін құру, бұл өз кезегінде жергілікті атқарушы органдардың жауапкершілігін арттырады;

жоғары оқу орындарында ақылы негізде запастағы сержанттарды даярлау, бұл мәселе жұмылдыру резервін нығайту қажеттілігінен туындап отыр.

Заң жобасын қабылдау мемлекеттік органдардың әскери қауіпсіздік пен қорғанысты қамтамасыз етудегі жұмысын ұйымдастыруға, мемлекеттік органдар мен жекелеген аумақтарды соғыс жағдайы мен соғыс уақыты режиміне тез арада көшіруді қамтамасыз етуге, олардың жұмысын жедел ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Құрметті әріптестер, заң жобасын қолдауды және бірінші оқылымда мақұлдауды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Нұржан Нұрланбекұлы.

Енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Нұржігітова Дана Өмірбайқызына беріледі.

НҰРЖІГІТОВА Д.Ө. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Қайырлы күн, құрметті депутаттар! Қазақстан Қарулы Күштері құрамының алдында әлемде болып жатқан өзгерістерге бейімделіп қана қоймай, оларға алдын ала дайын болу бағытында жұмыс істеу тапсырмасы тұр. Бүгінгі заң жобасы осы тапсырманы орындауға бағытталған.

Қарулы Күштер мемлекет қорғанысының негізін құрайды. Сыртқы және ішкі саясатты жүргізу барысындағы басты мақсат – мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Қазіргі таңда әскери ұрыстардың түрі, тәсілдері үлкен өзгерістерге ұшыраған. Сол себепті қолданыстағы заңның принциптері мен мемлекеттің қорғаныс және қауіпсіздікті қамтамасыз ету құралдарын жаңғырту қажеттілігі туындап отыр.

Осыған орай халықаралық аренада орын алып жатқан өзгерістерге бейімделе отырып, қауіптерге төтеп беру үшін заң жобасында жаңа нормалар енгізілді.

Жобаның мемлекетіміздің қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі маңыздылығын және қолданыстағы заңнамаға қайшы келмейтіндігін ескере келе, оны толығымен қолдаймын және сіздердің қолдауларыңызды сұраймын.

Назар қойып тыңдағандарыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Дана Өмірбайқызы.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне соғыс жағдайы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдау туралы Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 47 депутат, «жақтағандар» – 47. Қаулы қабылданды.

Бас комитетке заң жобасын екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Сөз Мұхтар Абрарұлына беріледі.

ҚҰЛ-МҰХАММЕД М.А. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Заң жобасының маңыздылығын ескеріп, оны екінші оқылымда қарауды бүгінгі отырыстың күн тәртібіне енгізуді ұсынамын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Әріптестер, бұл ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 47 депутат, «жақтағандар» – 47. Шешім қабылданды.

Заң жобасы бүгін екінші оқылымда қаралады. Осы заң жобасы бойынша шақырылған азаматтар, заң жобасын үзілістен кейін қараймыз, сол кезде келесіздер. Рақмет.

Құрметті депутаттар! Күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне соттар жұмысының заманауи форматтарын ендіру, артық сот рәсімдері мен шығындарын қысқарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде. Заң жобасы бірінші оқылымда қаралады.

Баяндама жасау үшін сөз Жоғарғы Соттың Азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Мейрамбек Таймерденұлы Таймерденовке беріледі.

ТАЙМЕРДЕНОВ М.Т. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, қадірлі депутаттар! Сіздердің назарларыңызға «Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне

соттар жұмысының заманауи форматтарын ендіру, артық сот рәсімдері мен шығындарын қысқарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы ұсынылып отыр.

Бұл заң жобасы 2018 жылғы Елбасы Жолдауынан тікелей шығып отыр. Осы төңіректе өздеріңіздің қолдауларыңызбен біраз заң 2019 жылы қабылданды. Жоғарғы Сот тарапынан осы үлкен сот заңдарына портфель дайындалды, соның бір жобасы бүгінгі Азаматтық процестік кодекске ұсынылып отырған өзгерістер.

Елбасы және Президент тарапынан бізге қойылған ең басты міндет – сот жүйесіне деген халықтың сенімі болып отыр. Оған қол жеткізудің тиімді жолдарының бірі – сот процесін адамдар ыңғайлы, тиімді, түсінікті және оны заман талабына келтіру, соттарды артық, қажетсіз функциялардан арылту мәселесі болып отыр.

Заң жобасы үш бағыттан тұрады.

Біріншісі – соттардың жұмысын заманауи форматқа енгізу, азаматтық процессуалдық тиімділікті арттыру, сот ісін жүргізуді цифрландыру.

Енді осыған байланысты бұл түзетулердің қоғамға, халыққа қандай берері бар деген сұрақ туындауы мүмкін.

Бірінші бағыт. Қазіргі кезде соттарға айтылатын ең басты өкпе (біз оны түсінеміз), неге судья істі қарағанда неге тереңірек үңілмей, неге басқа мән-жайларды анықтамай, тек қана ұсынылған дәлелдемелермен қанағаттанып қана шешім шығарады деген сын бар. Оған себеп қолданыстағы Азаматтық процестік кодекс.

Кодекс бойынша судьяның ешбір жағдайда талап-арыз шеңберінен шығуға мүмкіндігі жоқ. Тараптар нені талап етсе, тек сол мәселені қарап, сол бойынша ғана шешім қабылдауға судья міндетті. Өз бетінше басқа бір мән-жайларды анықтауға, өзге дәлелдемелерді сұрастыруға еш құқығы жоқ. Яғни өз тарапынан ондай қоюға міндетті емес.

Егер біреу өзінің талабын сот процесінде нақты тұрғыда қоймай, ал оны судья байқап отырып, оған нақты түрде, заңды түрде бағыт беруге, болмаса сілтеме жасауға тыйым салынған. Қазақтың жалпақ сөзімен айтқанда, бүгінгі күні судьялардың қолы байлаулы деп айтуға болады.

Соның кесірінен соттарға қазіргі айтылып жатқан сын-пікірлердің аз еместігін өздеріңіз білесіздер. Біздің ойымызша, бұл проблеманы шешудің бір ғана жолы – судьяның процестегі рөлін түбегейлі өзгерту. Әділ шешім қабылдау үшін ол дауды жан-жақты, бүге-шігесіне шейін түсініп алу керек. Ол дегеніміз, судья процессуалдық жағынан еркін болу керек, қандай уәжді немесе дәлелдерді зерттеймін десе де өзі анықтауы қажет деп санаймыз.

Құрметті депутат мырзалар, бұл біз ашып отырған жаңалық емес, бұл озық дамыған елдер соттарының бұрыннан қалыптасқан тәжірибесі. Біз сол тәжірибені қолданайық деп отырмыз.

Осы түзетуді қабылдасақ, істің ақиқатына жету үшін судья белсенді, ал сот процесі одан әрі жарыспалы болады деп мен сіздерге сенім білдіре аламын.

Екінші бағыт. Сот жүйесіндегі әділдік – әлемдегі тренд. Азаматтық процесті адамдар үшін оңайлату, түсінікті, ыңғайлы ету. Бұл енді уақыт талабы, адамдар да бізден даулардың шұғыл шешілуін қажет етеді.

Көптеген дамыған елдерде ауызша сот ісін жүргізу жазбаша процестерге алмастырылып жатыр. Сондықтан да оңайлатылған тәртіптегі жүктелген істер бойынша талап қою бағасын көтеруді ұсынамыз.

Атап айтқанда, жеке тұлғалар үшін 500 мыңның төңірегіндегі талап-арыздарды қараған кезде оңайлатылған және бұйрықтық шешіммен қарауға соттардың мүмкіндігі бар.

Ал енді қазіргі кездегі сот процесіндегі екі тараптың бір-біріне ешқандай қоятын сыны жоқ, яғни дәлелдеме бар (нотариально, болмаса қолхаты бар), алған ақшаның қарыз екенін біледі, қайтару керек екенін біледі, бірақ сол істерді оңайлатылған дәрежеде қарауға бізге мүмкіндік жоқ. Сондықтан біз мына шеңберді кішкене көтергіміз келіп отыр, егер бұрын 500 болса, қазір жеке тұлғаларға 2525 теңге. Яғни сол арадағы сот дауы талап-арыз келтіріп отырған бағасына байланысты болады.

Заңды тұлғаларға 700 теңгеден 2 мың теңгеге дейін, яғни бүгінгі күні біз оны 5 миллионға дейін көтеріп отырмыз. Егер даудың салмағы, болмаса келіп отырған тауардың аумағы 5 миллион болатын болса, оны жеңілдетілген түрде қарауға біздің тікелей міндетіміз бар. Оған шақырып жан-жақты сараптама жасап, болмаса бір дәлелдер жинауға мүмкіндік жоқ. Егер сіздер қолдасаңыздар, бүгінгі күні 30 мыңдай осындай істі жеңілдетілген түрде қарауға біздің мүмкіндігіміз бар.

Келесі мәселе – қолданыстағы азаматтық процестік заңнамада жеті сот ұйғарым алып тастау мәселесі. Сот өндірісіне келіп отырған талап-арызды қабылдағаннан бастап сот шешіміне дейін біз 14 ұйғарым шығарады екенбіз. Қазір біз соның жетеуін және Мәжіліс депутаттарының қолдауымен екеуін, осындай сот ұйғарымдарын алып тастау.

Бұл қандай ұйғарымдар деуі мүмкін. Бұл сот процесін басқа күнге қалдыру, соттың хаттамасымен танысу, соттың хаттамасына наразылық келтіру, болмаса осы азаматтық істің соттылығы, яғни қай сотта қаралу мүмкіндігі бар, осыны қалай қараймыз деген ұйғарымдар. Ол ұйғарымдар бүгінгі күні осы тараптарға да және сотқа да ешқандай зиянын келтірмейді.

Оның үстіне қазіргі кезде соттарға хат алмасу 100 пайыз автоматты түрде қабылданып жатыр. Яғни талап-арыздар да, арыздар да, сотқа келіп жатқан істер қазір 100 пайыз автоматты түрде қабылданып жатыр және «Төрелік» ақпараттық жүйесіне енгізіліп жатыр

Тағы бір ұсыныс – азаматтық істерді бірінші сот саласында қарау барысында бірінші және екінші сатыдағы соттардың дербес (жалғыз өзі) шешім шығарған кезде сот процесі біткеннен кейін шешім қабылдауға кеңсе бөлмесіне кетуі. Мемлекеттік емес ұйымдардың, бизнес саласындағы көп азаматтардың сотқа деген пікірі: судья жалғыз өзі кеңсе бөлмесіне кеткенде кіммен ақылдасады, кіммен кеңеседі, неге сот кеңсе бөлмесіне кетеді деген мәселелер туындап отыр. Сондықтан біз осы заң жобасына келтіріп, енді судья сот процесі біткеннен кейін осы іс бойынша шешім қабылдауға кетеді деген тұжырымға келіп отырмыз.

Сот тәжірибесіне байланысты сұрақтар көп. Мысалы, кеңсе бөлмесі, бұл жаңа өздеріңізге айтып кеткен мәселе. Екінші жағынан, шешім қабылданғанда құпия сөзсіз сақталуы қажет. Ол заңдылық, бізде судья шешім қабылдаған кезде оның құпиялығы сақталуы керек. Бұл мәселе міндетті түрде сақталады.

Заң жобасында басқа да ұсыныстар бар. Мысалы, тараптардың келісімі бойынша, істі соттылығы бойынша тез арада жіберу қажеттілігі.

Жаңа сіздерге айтқан жеті ұйғарымды алып тастау мәселесі – тікелей шұғыл түрде оны қараудың мүмкіндігі жоқ. Неге? Өйткені сол шығарған ұйғарым заңды күшіне ену керек, оған 10 тәулік керек. Егер тараптар келіспесе, олардың шағымдануға мүмкіндігі бар, сондықтан 10 күннен жеті ұйғарым болатын болса, 70 күнге созылып кетеді. Бұл бүгінгі күні халықты сотқа менің дауымды қысқа түрде шешіп беріңіздер деген мәселеге келтіріп отыр.

Негізгі мәселе – сот төрелігін цифрландыру. Бұл салада бізде біраз шара атқарылды. Соттарға арыздардың 90 пайызынан астамы электронды түрде түсіп отыр. Бұл үрдіс болашақта да жалғасын таба бермек: ұсыныссыз, бұйрық тәртібімен және оңайлатылған тәртіпте қаралатын істер бойынша тараптарды сот отырысына шақырмай-ақ.

Біз неге шақырмаймыз деп отырмыз? Яғни сот процесіне аудандық жерден, шалғай ауылдан облыс орталығына келуге мүмкіндігі бар болса, өзі соны нақты сұрап отырса, электронды жүйеде ол сот процесіне қатысады, сот процесіндегі сұралған, баяндалған тараптардың пікірін естиді, өзінің пікірін жеткізеді және сұрақтарын қояды. Бұл тікелей халыққа жасалған жақсылық деп отырмыз.

Бұл істерді электронды жүйеде қарауға мүмкіндік бар. Жаңа өздеріңізге айтқан жеңілдетілген бұйрықтық шешімдер, оның істің мән-жайын анықтау үшін үлкен сараптама тағайындауға, болмаса іс құжаттарын табуға негізі жоқ.

Талап қою тәртібімен қойылатын азаматтық даулар бойынша да электрондық формат сот тараптарының пікірлерін ескере отырып жасалады. Бұл жерде бір ғана мәселе: егерде жәй, жеңілдетіліп қаралатын істер болса да, егер тараптар келіспесе, онда сот процесіне нақты өзі келіп, өзі қатысып, өзінің уәждерін айтуға мүмкіндік беріледі, яғни тек қана тараптардың келісімімен.

Бұдан басқа заң жобасында сотқа қатысушы үшін қолайлы жағдай, басқа да нормалар бар. Мысалы, электронды хаттама енгізу. Бұрын соттың хатшысы хаттама жасап отыратын болса, қазір электронды жүйеде бейне-аудио жазбасымен істің шешімін тікелей сол тараптарға береміз. Бұл бір жағынан тәртіпке шақырады: соттың біржақты болмауы, нақты заңға сәйкес Азаматтық процестік кодекстің талабына сай жұмыс жүргізу мәселесі.

Сот процестеріне қашықтықта, яғни әлемнің кез келген жерінен интернет арқылы қатысу. Мысалы, 2019 жылы осындай істердің 6 мыңын біз осындай қашықтықта қарадық.

Бір ғана мысал, кеше ғана өзім төрағалық етіп, кассациялық тәртіпте Америка Құрама Штаттарында отырған талапкердің талабы бойынша іс қаралып, ол сол Америка Құрама Штаттарындағы Техас қаласынан тікелей бізге байланысқа шығып, мобильдік байланыспен біз осы процесті қарадық. Нақты мысал ретінде өздеріңізге айтып кетейін деп отырғаным осы.

Сот процесінде электрондық гаджеттер бар, басқа да техникалық қолданыстар бар.

Өздеріңіздің қолдауларыңыз бойынша 2019 жылы азаматтық процесті цифрландыру мәселесіне 1 миллиард 300 миллион ақша бөлінді. Бүгінгі күні сатып алу мәселесін рәсімдеу бойынша тікелей барлық іс-шара орындалды. Бүгінгі күні ол сатылып алынды.

Жоғары Сот жанындағы департаменттің тікелей баяндамасы бойынша осы жылдың төртінші тоқсанына дейін біздің Қазақстандағы соттардың, 700 азаматтық істердің сот процестері түгел осы электрондық жүйеде қамтылады.

Бұл ұсынылып отырған заң жобасымен Германия, Англия, АҚШ, Сингапур және Канада сияқты мемлекеттердің сот жүйесіндегі цифрландыру мәселесін өзіміздің үрдіске алып отырмыз.

Жоба еліміздің құқықтық және әлеуметтік-экономикалық дамуына ешқандай кері әсерін тигізбейді және қосымша қаржы талап етпейді.

Қадірменді депутаттар, ұсынылып отырған заң жобасын бірінші оқылымда қабылдауларыңызды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Әріптестер, заң жобасы бойынша сұрақтарыңыз бар ма? Сөз депутат Жұмағазиев Мұхтар Сабырұлына беріледі.

ЖҰМАҒАЗИЕВ М.С. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Әділет министрлігінің өкілдеріне.

Елімізде алименттер бойынша бережақтың сомасы биылғы жылы 6 миллиард теңгеден асып түсті. Заңға сәйкес еңбекке жарамды ата-аналар балаларын асырап-бағуға міндетті. Алайда өз жауапкершілігінен қашып жүргендер бар және алимент өндіріп алу үшін оларды сот орындаушылары арқылы ұстауға тура келеді.

Осыған орай «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңның 126-бабының 16-тармағында сот орындаушысы қылмыстық қудалау органына сот актілерін орындаудан қасақана жалтарған адамдарды қылмыстық жауаптылыққа тарту туралы ұсыныс енгізуге құқылы екені жазылған. Алайда жеке сот орындаушылар осы норманы қолданған жағдайда қылмыстық қудалау органы Қылмыстық-процестік кодекстің 35-бабы 1-тармағының 2) тармақшасын: «іс-әрекетте қылмыстық құқық бұзушылық құрамының болмауын» басшылыққа алып, іс жүргізуін болғызбайды.

Осыған байланысты сұрағым: борышкерлерге алимент төлетуді қатаң қолға алу керек деп ойламайсыз ба? Рақмет.

ТӨРАҒА. Жалғуыста, Наталья Виссарионовна.

ПАН Н.В. Сұрағыңызға рақмет.

Бұл мәселені біз білеміз. Действительно, те статьи Уголовного кодекса, которые Вы привели и которые сегодня используются судебными исполнителями, являются труднодоказуемыми. Иногда органы уголовного преследования вынуждены прекращать дела, поскольку должниками приводятся доводы об отсутствии работы, об отсутствии имущества и иных возможностей обеспечить своих детей.

Тем не менее в прошлом году благодаря совместным усилиям органов внутренних дел, Миграционной полиции, Комитета государственных доходов и органов юстиции удалось привлечь некоторых лиц к уголовной ответственности.

Мы понимаем, что одними карательными мерами проблему не решить, поэтому принимаются дополнительные меры. Например, органы юстиции совместно с акиматами разработали план мероприятий по обеспечению работой таких должников.

Помимо этого, в проекте закона, который сейчас находится на рассмотрении в Сенате, предусматривается облегчение объявления должника в розыск, то есть снятие некоторых административных барьеров.

Кроме того, открыт счет. Надо отдать должное, частные судебные исполнители проявили инициативу и открыли счет, на который будет аккумулироваться часть их вознаграждений. В добровольном порядке они заполняют этот счет. Это добровольные пожертвования с тем, чтобы в вопиющих случаях, когда слишком тяжелое материальное положение, оказывать помощь семьям. Примерно это 20 МРП на одного ребенка. Наверняка кому-то это тоже помощь.

Меры принимаются, эта работа на контроле. Спасибо.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ. Рақмет, Мейрамбек Таймерденұлы, орныңызға отыруға болады.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі Сәуле Мұханбедианқызы Айтпаеваға беріледі.

АЙТПАЕВА С.М. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Әркімнің белгілі бір құқықтары мен міндеттері бар. Бүгінгі таңда заң қоғам өмірінің барлық салаларына енген. Ол адамның өзара әрекеттесуінің кез келген түрін үйлестіреді. Сол жағдайда азаматтық процестік дауларды реттеуге және бұзылған құқықтарды қалпына келтіруге бағытталған реттелетін қызмет.

Жоғарғы Сот берген статистикаға сәйкес жыл сайын жүздеген мың азаматтық іс қаралады. Оның ішінде 6 миллионға жуық адам айналысса, ол біздің халықтың үштен бір бөлігі.

Құрметті депутаттар, кейде соттың қағаздары, азаматтардың ренжулі хаттары бізге де жіберіледі. Біз оны прокуратура, сотқа қарауға тапсырамыз. Бүгінгі айтылған көптеген өзгерістер осыған септігін тигізеді.

Біз биыл сотқа барып, сот жұмысымен танысып, оны комитет отырысында қарадық. Заң жобасы Конституцияға сәйкес және сот арқылы қорғау үшін адамның құқығын сақтайды.

Екіншіден, азаматтық үдерістің принциптері – мемлекеттің құқықтық режимінің негізі болу.

Процестің негізгі тақырыбы сот. Өйткені ол дауларды шешеді және істі шешеді.

Бүгінгі күні елімізде жүздеген сот тыңдауларды өткізеді. Олар заманға, заңға сай болу қажет.

Заң жобасы бойынша азаматтық іс жүргізу құқығының ұйымдастырушылық функционалды принциптері: сот төрелігін тек соттың жүзеге асыруы, судьялардың тәуелсіздігі және олардың тек заңға бағынуы, азаматтық істерді қарау кезіндегі

жеке-даралық және алқалылық, азаматтар мен ұйымдардың заң мен сот алдындағы теңдігі, жеке тұлғаның ар-намысы мен қазір-қасиетін құрметтеу, сотта істі қараудың жариялылығы, сот ісін жүргізудің ұлттық тілі.

Азаматтық іс жүргізу құқығының функционалды принциптері: заңдылық, диспозиттік, жарыспалық, тараптардың іс жүргізуде тең құқықтылығы, сотта қараудың ауызша болуы және объективтік тікелейлігі заң жобасында нақты орын алған.

Заң жобасы Елбасы Жолдауында және ел Президентінің тапсырмаларында қарастырылған шараларды жүзеге асыру үшін әзірленген.

Заң жобасының негізгі мақсаты азаматтардың сенімін арттыру жолымен олардың құқықтарын қорғау болып табылады.

Дәлелдемелерді жинау процесінде соттың белсенділігін күшейту азаматтық сот ісін жүргізуді дамытудың қазіргі заманғы үрдістерінің бірі болып табылады.

Сотқа қосымша өкілеттіктер бере отырып, біз іс жүргізу құқықтарын теріс пайдалану жағдайларын болдырмау бойынша соттарда жаңа мүмкіндіктер пайда болатынын да айта аламыз.

Азаматтық процестегі сот рөлінің жаңартылған моделі оның өз бастамасы бойынша істің мән-жайын анықтау және тараптардың дәлелдерінің негізділігін тексеру жөнінде заңда көзделген кез келген шараларды қабылдау құқығымен негізделеді. Сондай-ақ судья істің мән-жайын тараптармен талқылауға, олардың құқықтық ұстанымдарын нақтылауға, оларға қандай да бір іс жүргізу әрекеттерінің салдарын түсіндіруге құқылы болуға тиіс.

Судьяның қабылданған шешімінің құқықтық негіздері мен салдарын түсіндіру міндетін бекіту ұсынылады. Ол өте маңызды нәрсе.

Сотқа тараптарды шақырмастан іс жүргізу мерзімін қалпына келтіру, шешімдегі тізімдемелерді түзету, берілген ақша сомасын индекстеу және тағы басқалар туралы мәселелерді қарау құқығы беріледі. Бұл азаматтық істерді қарау ұзақтығын қысқартуға, уақытты босатуға және сотқа дәлелдемелерді жинау мен зерттеуге назар аударуға мүмкіндік береді.

Заң жобасы азаматтық процесті цифрландыруға қатысты бірқатар жаңалықтарды қарастырады (осы уақытқа, болашақ заманға сәйкес). Бірақ орталықтан алыс ауылдық жерде интернет сапасы нашар, Үкіметке әлі де көп жұмыс істеу керек және жасы келген үлкен кісілерге электрондық формуляр толтыру оңай болмайды, оларға да көмек көрсету керек болар.

Соны басшылыққа ала отырып, сот талқылауы барысында қатысушылар мен соттың кодексте белгіленген ережелерді сақтай отырып, материалдық және цифрлық ақпаратқа ие техникалық құралдарды пайдалану құқығы бекітіледі.

Заңға енгізілген өзгерістер сот процесін неғұрлым қарапайым, тиімді және адамдар үшін түсінікті етуге мүмкіндік береді деп сенеміз.

Баяндалғанды ескере отырып Сенат Регламентінің 58-тармағын басшылыққа алып, Парламент Мәжілісі бірінші оқылымда түбегейлі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне соттар жұмысының заманауи форматтарын ендіру, артық сот рәсімдері мен шығындарын қысқарту мәселелері бойынша

өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Сәуле Мұханбедианқызы.

Әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшеміз.

Сөз депутат Еңсегенов Сәрсенбай Құрманұлына беріледі.

ЕҢСЕГЕНОВ С.Қ. Рақмет.

Құрметті әріптестер, бүгін – мемлекеттігіміз бен егемендігіміздің негізі, төрімізде тұрған Мемлекеттік рәміздер күні! Баршаңызды құттықтаймын.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, қадірлі сенаторлар! Қазақстан Республикасының ең қымбат қазынасы – адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары.

Әлемдік қауымдастықтың алдыңғы легіне ұмытылып отырған қазақ елі үшін бұл – жалаң сөз, жалпылама ұран емес. Ол – Конституцияда бекітілген, елдің бүгінгісі мен болашағына арналған мемлекеттің нақты ұстанымы.

Мемлекет, оның билік тармақтары осы ұстаным аясында үйлесімді жұмыс жүргізіп келеді. Соның ішінде сот төрелігінің тиімділігін, соттарға деген сенімнің жоғары деңгейін қамтамасыз етуге ерекше мән берілуде.

Құқықтық саланы жаңғырту, сот жүйесін кезең-кезеңімен жетілдіруді көздейтін шаралар жүйелі түрде іске асуда.

Қазақстан Республикасының 2010 – 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы қабылданды.

Тұжырымдамада жалпы сот жүйесін, оның құрамдас бөлігі азаматтық іс жүргізу заңнамасын жетілдірудің басым бағыттары айқындалған. Олардың ішінде:

азаматтық сот ісінің жеңілдетілген тәртібінің саласын кеңейту;

істерді дайындау сатысын оңтайландыру;

электрондық сот ісін жүргізу және соттардың қызметінде ақпараттық технологияларды пайдалану қарастырылған.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауында сот билігіне қатысты мемлекеттік саясат жалғасын тапты.

Жолдауда сот жұмысының заманауи форматтарын және озық электронды сервистер енгізуді жалғастыру, уақыт пен ресурстардың орынсыз шығынын талап ететін артық сот рәсімдерін қысқарту қажеттілігі айтылды.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында «сот шешімдерінің сапасын арттыру үшін бірқатар маңызды шараларды жүзеге асыру қажет» деп атап көрсетті.

Президент азаматтар мен билік органдары арасындағы жария құқықтық дауларда көп жағдайда теңсіздік орын алатынына тоқталды. Осындай теңсіздіктерді болдырмау мақсатында дауларды шешудің ерекше тетігі ретінде әкімшілік әділет құрылымын енгізуді ұсынды. Дауларды шешу барысында сотқа қосымша айғақтар жинау бастамасын көтеру құқығын беру мәселесін қойды.

Қазақ елінің Президенті мен Елбасының сот жүйесін жаңғыртуға бағытталған осы тапсырмалары заң жобасының негізіне алынған.

Азаматтық процестік кодекске енгізіліп отырған өзгерістер мен толықтырулар азаматтық-құқықтық дауларды шешудің тиімділігін арттыруға бағытталған. Осыған байланысты кодекстің 4-бабы жаңа редакцияда беріліп, ол істің толық және уақытылы қаралуын қамтамасыз ету сияқты тың міндеттермен толықтырылған.

Сонымен бірге тараптардың жарыспалылығы мен тең құқықтылығына байланысты 15-баптың үшінші және төртінші бөліктері жаңа редакцияда ұсынылып отыр.

Дәлелдемелер жинау бөлігінде соттарға құқық берілген. Бұлар азаматтық сот ісін жүргізуде маңызды мәнге ие тың нормалар. Себебі қазіргі жағдайда кейбір мәселелер бойынша соттың процестік әрекеттері шектеулі.

Істің нақты мән-жайларын анықтау мақсатында сотта өз бастамасымен дәлелдемелер жинау құқығы сотқа берілмеген. Ал заң жобасы керісінше, сотқа тараптардың уәжді өтініш-хаты бойынша не өз бастамасы бойынша істің материалдарын жинау және зерттеу, сондай-ақ азаматтық сот ісін жүргізу міндеттеріне қол жеткізуге бағытталған өзге де әрекеттерді орындау мүмкіндігін беруді көздейді.

Бұнымен қоса соттың іске қатысатын адамдарға олардың құқықтық позициялары мен дәлелдемелерін нақтылау, олармен істің мән-жайларын талқылау құқығы енгізілген.

Кодекстің 100-бабы «сот жазбаша дәлелдемелерді өз бастамасы бойынша да талап етіп алдыруы мүмкін» деген сөйлеммен толықтырылған. Бұл жаңашылдық соттың іс жүргізудегі белсенділігін көтереді және ең бастысы ол соттың, тараптардың бұзылған немесе даулы құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау және қалпына келтіру міндетінің тиімді іске асуына ықпал жасайды.

Оңайлатылған іс жүргізу, талап қоюды қамтамасыз ету, істі сот талқылауына дайындау, татуластыру рәсімдері, іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру, хаттамалар жүргізуді, жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша қайта қарау жөнінде іс жүргізуді реттейтін кейбір ұйғарымдарды алып тастау азаматтық іс жүргізуді оңтайландырып, уақыт пен ресурстарды үнемдеу арқылы қатысушылар мен сотқа қолайлы жағдай туғызады.

Сот жұмысында заманауи форматтарды қолдану – уақыт талабы. Осыны ескере отырып, 2019 жылы Азаматтық процестік кодексі «Электронды сот ісін жүргізу ерекшеліктері» атты жаңа тараумен толтырылған еді.

Заң жобасында кодекске жаңадан электронды хаттама жүргізу негіздерін белгілейтін 133-4-бап және техникалық құралдарды пайдалануға арналған 187-1-бап қосылған. Осы мақсатта процеске қатысушылардың келуін тексеру, іске қатысатын тұлғалардың және өкілдердің сот отырысына келмеуінің салдарына қатысты 190 және 196-баптарға да өзгерістер мен толықтырулар енгізілген. Электрондық құжаттарды пайдалануға байланысты өзгерістер мен толықтырулар жасалған.

Сот приставтары, аудармашы жөніндегі жаңа баптар сот приставтарының өкілеттіктері, аудармашының құқықтары мен міндеттерін нақтылайды.

Татуласу рәсімдерін қолданудың мүмкіндігі кеңейтілген. Сот отырысында үзіліс жариялануын реттейтін норма белгіленген.

«Кеңесу бөлмесі» ұғымынан бас тарту, оны алып тастау қажеттілігін баяндамашы айтып өтті. Бірақ ол кеңес құпиясының сақталуын жоймайды. Кодекстің 223-бабы «шешім бөтен адамдардың болуын және кеңес құпиясының жария етілуін болғызбайтын жағдайларда шығарылады» деген редакцияда беріліп, нақтыланып отыр.

Заң жобасында сот процесіне қатысушылардың мүддесіне сай келетін өзге де өзгерістер мен толықтырулар бар.

Жоғарғы Сот қолданыстағы заңға терең талдау жасап, оны дайындау барысында ғылыми-құқықтық сараптама жүргізу ұйымдарымен тығыз түсіністікте жұмыс жасаған. Ғылыми-құқықтық сараптама қорытындысында көрсетілген маңызды ескертулер заң жобасын дайындау барысында ескерілген.

Құрметті сенаторлар, сөзімді қорыта келе, талқылауға түсіп отырған заң жобасының тұжырымдамасы ел Конституциясына және заман ағымына сай дайындалған, азаматтық сот ісін жүргізудің пәрменділігі мен тімділігін арыттырауға жол ашады деп ойлаймын. Сол себептен заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдау туралы бас комитеттің ұсынысын қолдап, сіздердің де қолдау көрсетулеріңізді сұраймын.

Өздеріңізге ризашылығымды білдіремін. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ, талқылау аяқталды. Енді шешім қабылдайық. «Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексіне соттар жұмысының заманауи форматтарын ендіру, артық сот рәсімдері мен шығындарын қысқарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 47 депутат, «жақтағандар» – 47. Қаулы қабылданды.

Бас комитетке заң жобасын екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Слово предоставляется Волкову Владимиру Васильевичу.

ВОЛКОВ В.В. Рақмет.

Құрметті Төраға, құрметті әріптестер! Вношу предложение – включить в повестку сегодняшнего заседания рассмотрение проекта Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Гражданский процессуальный кодекс Республики Казахстан по вопросам внедрения современных форматов работы судов, сокращения излишних судебных процедур и издержек» во втором чтении. Рақмет.

ТӨРАҒА. Әріптестер, бұл ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 46 депутат, «жақтағандар» – 46. Шешім қабылданды. Заң жобасын бүгін екінші оқылымда қараймыз.

Осы заң жобасы бойынша шақырылған азаматтар, екінші оқылымға дейін боссыздар, рақмет.

Құрметті депутаттар, келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне лотереялар және лотерея қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде. Заң жобасы бірінші оқылымда қаралады.

Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Рахметоллақызы Райымқұловаға беріледі.

РАЙЫМҚҰЛОВА А.Р. Қайырлы күн, құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Сіздерді егеменді еліміздің Мемлекеттік рәміздер күнімен шын жүректен құттықтауға рұқсат етіңіздер.

Мәдениет және спорт министрлігі Үкіметтің 2019 жылға арналған заң жобалау жоспарына сәйкес «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне лотереялар және лотерея қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасын әзірледі.

Заң жобасы лотереялық қызметті құқықтық реттеуді жетілдіруге бағытталған. Сіздерге белгілі, «Лотереялар және лотерея қызметі туралы» Заң 2016 жылғы 9 сәуірде қабылданған болатын және бүгінгі уақытта заңнама деңгейінде өз шешімін қажет ететін біраз мәселелер анықталды.

2017 жылғы № 48 Үкімет жарлығымен «Сәтті Жұлдыз» акционерлік қоғамы лотерея операторы болып 15 жыл мерзімге анықталды. Лотерея операторының қызметкерлерінің саны 748 адамды құрайды. Республика бойынша 3 мыңға жуық таратушылар (агенттер) саны шағын және орта кәсіпкерлерден тұрады. Олармен келісімшарттар негізінде жұмыс жүргізіледі, яғни лотерея операторы лотереяның дұрыс жүргізілуіне және таратылуына тікелей өзі жауап береді. Сондай-ақ лотерея билеттерін таратуды өзінің негізгі қызметтерімен қатар атқаратын ірі дистрибьютерлер бар, мысалы, «Қазпошта» акционерлік қоғамы және ірі супермаркеттер желісі.

Таратушылар (агенттер) лотерея операторынан жалпы таратылған лотерея билеттерінің құнынан 6 пайыздан жоғары сыйақы алады.

«Сәтті Жұлдыз» акционерлік қоғамы 24 жедел (оның ішінде 18-і электрондық) және 8 тиражды лотерея ойынын (оның ішінде 4-і электрондық) жүзеге асырады.

«Сәтті Жұлдыз» акционерлік қоғамы 2017 – 2019 жылдар аралығында лотерея билеттерін сатудан түскен жалпы айналымы 18,5 миллиард теңгені құрады (2017 жылы 195,6 миллион теңге, 2018 жылы 1,9 миллиард теңге, 2019 жылы 16,4 миллиард теңге).

Лотерея операторының жалпы айналымының 70 пайызы лотерея қатысушыларына төленеді, қалған 30 пайызы қосымша құн салығына, агенттердің сыйақысына, лотерея билеттерін шығару және маркетинг шығындарына, әкімшілік шығыстарына және спортты дамытуға арналған төлемдерге жұмсалады.

Лотерея операторы арқылы 2,7 миллиард теңге көлемінде салық, 421,7 миллион теңге спортты дамытуға арналған төлемдер және 12,1 миллиард теңге ұтыстар уақытылы төленді.

Заң жобасы Парламент Мәжілісіне 2019 жылдың 30 мамырында ұсынылды. Мәжіліс жұмыс топтарының отырыстарында депутаттар заң жобасына келесі бірқатар өзгертулер мен толықтырулар енгізді:

1) лотерея операторы болып табылмайтын тұлғаның лотерея ойындарын жүргізгені үшін әкімшілік жауапкершіліктің енгізілуі. Оның ішінде жеке тұлғаларға 100 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, шағын бизнес немесе коммерциялық емес ұйымдар үшін 300, орта бизнес үшін 500, ірі бизнес үшін 1000 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады. Ал бір жыл ішінде қайталанып жасалған заңсыз әрекеттер үшін жеке тұлғаларға 200, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға 750, орта кәсіпкерлік субъектілеріне 1000, ірі бизнес үшін 2000 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынып, әкімшілік құқық бұзушылықтың табыстары тәркіленеді;

2) лотерея операторымен және/немесе лотерея таратушыларымен (агенттерімен) лотерея операторымен құрылған комиссиялық келісімшарт аясында орналастырылған жарнамадан бөлек лотерея жарнамасына тыйым салынады;

3) лотереяларды олардың өткізу аумағына және технологиясына, сонымен қатар жүлде пулын қалыптастыру әдісіне байланысты жіктеуді, сондай-ақ уәкілетті орган (Мәдениет және спорт министрлігі) бекіткен ережелермен лотерея өткізу тәртібін, шарттары мен ерекшеліктерін реттей отырып, енгізілуі;

4) заңға «лотереяны таратушы (агент)» түсінігінің енгізілуіне байланысты жеке бапта лотерея таратушының негізін реттеуінің ұсынылуы;

5) лотерея билеттерінің, түбіртектердің немесе басқа құжаттардың электрондық нысаны мазмұнына қойылатын талаптардың енгізілуі. Олар:

лотерея операторының атауы;

лотерея билетінің, түбіртектің немесе басқа құжаттың нөмірі;

лотерея билеті, түбіртек немесе басқа құжат бағасы;

лотерея операторының орналасқан жері, телефон нөмірлері және интернет-ресурсы, лотерея атауы, ұтыс нөмірі немесе атауы (лотерея ойнату үшін), ұтыс қорының күні мен орны (лотереяны ұтып алу үшін), орналасқан жері мен уақыты туралы кеңейтілген ақпаратқа қол жеткізу сілтемесі, жүлде қорының мөлшері;

6) уәкілетті орган (Мәдениет және спорт министрлігі) бекіткен лотерея ережелерінде айналым комиссиясының міндеттерінің кеңейтілуі. Олар:

Қазақстан Республикасының лотереялар және лотерея қызметі туралы заңнамасында белгіленген лотерея талаптарының сәйкестігін растау;

лотерея билеттерінің, түбіртектердің немесе басқа құжаттардың ұтыс ойынына қатысушылар санын растау;

айналым комиссиясының мүшелеріне айналым комиссиясының хаттамасына және айналым нәтижелерінің ресми кестесіне қол қою арқылы айналым нәтижелерін растау.

Үкіметтің пікірін талап ететін бірқатар түзетулер үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің оң қорытындысы 2020 жылдың 12 ақпанында алынды. Сондай-ақ депутаттар ұсынған бірқатар түзетулерді қолдайтын мемлекеттік органдардың позициясы да алынды.

Заң жобасы екінші оқылымда Парламент Мәжілісінің депутаттарынан қолдау тауып, Парламент Сенатына 2020 жылдың 30 сәуірінде ұсынылды.

Сенатта заң жобасы бойынша сегіз отырыс өткізілді. Сенат комитеттерінің жұмыс топтарынан түскен 29 ескерту талқыланып, Мәдениет және спорт министрлігі егжей-тегжейлі жауап қайтарды.

Спортты дамыту мақсатында 10 пайызын төлеуге қатысты ескертуге сәйкес министрлік алдағы уақытта Үкіметтің қорытындысын алу арқылы осы қаражатты мәдениетті, археологияны, туризмді және қолөнерді дамытуға қайта бөлу жөніндегі мемлекеттік органның өкілеттігін қосу туралы міндеттеме алып отыр.

Баяндама аяқталды.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Еңсегенов Сәрсенбай Құрманұлына беріледі.

ЕҢСЕГЕНОВ С.Қ. Рақмет.

Аталған заң жобасын комитетте қарау барысында мен соңғы жылдар шегінде лотерея қызметін бұзуға қатысты қанша адамның әкімшілік жауапкершілікке тартылғаны туралы мәлімет сұратып едім, бірақ ол мәлімет түспеді.

Менің сұрағым. Біріншіден, осының нақты цифры бар ма?

Екіншіден, заңда лотерея қызметін бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тарту жөніндегі хаттаманы толтыру Мәдениет және спорт министрлігінің лотерея және лотерея қызметі саласындағы уәкілетті органына жүктелген.

2019 жылдан бері бұл міндетті министрліктің Туризм индустриясы комитеті атқарады. Бірақ бұл комитеттің облыста, ауданда, ауылдық жерлерде құрылымдық бөлімшелері жоқ. Сондықтан жалпылама етек алып отырған лотерея саласындағы заңсыздықтарды бұзуды әшкерелеп, оны жауапкершілікке тарту мақсатында аталған өкілеттікті тиісті жердегі жергілікті атқару органдарына немесе полиция қызметкерлеріне беру жөнінде ұсыныс бола ма? Сіздің пікіріңіз қандай? Рақмет.

РАЙЫМҚҰЛОВА А.Р. Сұрағыңызға рақмет.

Шынында да лотерея жұмыстарын әртүрлі үдерістерге байланысты реттеу жөнінде мемлекет тарапынан да, әртүрлі құқық органдарынан да үлкен жұмыс жүргізілуде.

Өзіңіз айтқандай, 2017 жылға дейін лицензиясы бар әртүрлі 70 кәсіпорын мен ұйым лотерея жұмысын өткізді.

2016 жылы осы заң қабылданды және сол жылы осы Үкіметтің қаулысымен байқау өткізіліп, сол ережелердің нәтижесінде «Сәтті Жұлдыз» атты акционерлік қоғам біздің республикамызда бір лотереялық оператор болып бүгінгі күні қызметін атқарып жатыр.

Жоғарыда айтылған баяндамада мен сол лотереялық оператордың жұмысын қысқаша айтып кеттім. Сонымен қатар, өзіңіз айтқандай, елімізде әртүрлі құқықтық органдарда, Мәдениет және спорт министрлігі, «Сәтті Жұлдыз» акционерлік қоғамы өзінің жұмысын осы ауданда, осы лотереялық ойналымдарда болатын әртүрлі бұзушылықтарды ескерді. Мысалы, былтыр осындай құқығы жоқ 647 ойын орнын жапты, сонымен қатар 500-ден астам қылмыстық іс қозғалды.

Өзіңіз айтқандай, ол бүгінгі күні министрліктің Туризм және индустрия комитетінің теңгерімінде. Мен жоғарыда айтып кеткендей, «Сәтті Жұлдыз» акционерлік қоғамында 748 адам жұмыс істейді, 3 мыңнан астам агенті бар. Біздің әрбір жергілікті орындарда, аудандарда 40-тан астам адам жұмыс істейді. Олар заңсыз жұмыс істеп жатқан лотереялық ұйымдарды және әртүрлі лотереялық қызметтерді қарап, құқықтық қорғау органдарына осы заңсыздықтар туралы өздерінің ұсыныстарын береді. Құқық қорғау органдарымен бірге жұмыс істеп жатырмыз.

Бұл жұмыстың ерекшелігіне байланысты депутаттардың сауалдары мен ұсыныстары бар, алда да біз осы жұмысты әрі қарай жалғастырамыз.

ТӨРАҒА. Сәрсенбай Құрманұлы, бір нәрсені нақтылағыңыз келіп отыр ма?

ЕҢСЕГЕНОВ С.Қ. Ақтоты Рахметоллақызы, мен сұрағымды түсіндіріп айта алмадым ба, әлде сіз дұрыс түсінбедіңіз бе, білмеймін. Менің қойып отырған сұрағым келесі. Лотерея саласындағы заңнаманы бұзған жағдайда әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы министрліктің уәкілетті органы болып табылатын Туризм индустриясы комитеті толтырады, басқа мемлекеттік органдарға ондай хаттаманы толтыруға заңмен құқық берілмеген. Бірақ жергілікті жерлерде жалпылама лотерея ойыны өткізіліп, заң бұзылуда. Сондықтан сол жердегі заңды бұзған адамдарды жауапқа тарту, хаттама толтыру үшін оны сол жерде мүмкіндігі бар жергілікті әкімдіктерге, атқарушы органға немесе полиция орындарына беру жөнінде сіздің пікіріңізді білгім келіп отыр.

Заңға өзгеріс енгізу жөнінде ұсыныстар болған, бірақ енді, жаңа өзіңіз айтқандай, талқылау барысында кейін қаралады дегесін алынды ғой. Сіздің болашақтағы жоспарыңызды білгім келеді.

РАЙЫМҚҰЛОВА А.Р. Біз болашақта бұл сұрақтарды көтереміз, өйткені, өзіңіз айтқандай, комитеттің жергілікті органдарда өзінің ұйымдары жоқ. Сондықтан осы «Сәтті Жұлдыз» акционерлік қоғамының жұмыскерлері аудандарда бұзушылықтарды көргенде осы комитетке жүгінеді және өзіңіз айтқандай, комитеттің құқығы бар. Құқықтық органдарға өзінің хаттамасын жазып, осы бұзушылықты көрсету арқылы бүгінгі күні жұмысын атқарып жатыр.

Алда да осы жұмысты әрі қарай жалғастырып, мүмкін, жергілікті органдарға немесе жергілікті органдардағы құқық қорғау органдарына осындай жұмыстарды жасауға ұсыныстар беріледі деп ойлаймын. Бүгінгі күні бұл жұмысты атқарып жатырмыз.

ТӨРАҒА. Жақсы. Болашақта ескерерсіздер деп сенеміз.

Следующее слово предоставляется Плотникову Сергею Викторовичу.

ПЛОТНИКОВ С.В. Спасибо, уважаемый Маулен Сагатханович.

У меня два вопроса к министру.

Уважаемая Актоты Рахматуллаевна! В разработке ведущих лотерейных компаний находится блокчейн-система, которая позволяет отслеживать весь процесс от момента

производства лотерейных билетов до продажи, подтверждая их подлинность, законность и прозрачность.

Первый вопрос. Внедряются ли в компании «Сәтті Жұлдыз» технологии по типу блокчейна?

Второй вопрос. Есть ли планы у казахстанского оператора лотереи по выходу на рынок Евразийского экономического союза или созданию единой лотереи? Выход на рынок Евразийского экономического союза многократно увеличит призовой фонд и интерес населения к лотереям, ведь рынок Евразийского экономического союза составляет более 180 миллионов.

РАЙЫМҚҰЛОВА А.Р. Спасибо большое за вопросы.

По первому вопросу по блокчейну. На самом деле Вы правы, на сегодняшний день рынок лотерейной деятельности во всем мире активно развивается, созданы различные профсоюзные организации, ассоциации евразийских, мировых лотерейных организаций.

Сейчас, как и во всей сфере человеческой деятельности, новейшие технологии приходят и в область лотерейной деятельности. АО «Сәтті Жұлдыз» использует новейшую лотерейную платформу. Существует иностранная организация, которая на сегодняшний день является передовой в использовании, выпуске лотерейного оборудования, билетов, всех тех предметов, которые сопутствуют именно лотерейную деятельность. На сегодняшний день она предусматривает все циклы лотерейной деятельности: заказ билетов, логистика, учет продаж, начисление комиссионных вознаграждений, учет дебиторской и кредиторской задолженности, учет и выдача выигрышей.

Вы знаете, что у нас существуют Центр лотерейной отчетности и Центр лотерейной информированности. Центр лотерейной отчетности является одним из передовых инструментов, который отслеживает весь процесс лотерейной деятельности. Центр лотерейной отчетности находится в головном офисе АО «Сәтті Жұлдыз», в который в режиме нон-стоп целые сутки передается вся информация, которая поступает из лотерейных центров, как проводятся тиражные комиссии, как проводятся лотереи. Вся информация туда поступает. Затем в безостановочном режиме поступает в Центр лотерейной информации, который находится в уполномоченном органе.

Я хотела сказать, что мы используем новейшие блокчейны, которые не позволяют так или иначе апеллировать результатами тиражей, так или иначе апеллировать и изменять итоговую информацию и информацию на каком-либо периоде.

По второму вопросу. Он взаимосвязан с первым вопросом. Вы знаете, что мы живем в эпоху глобализации, и те процессы, которые происходят в одной стране, мы понимаем, что они приобретают общемировую тенденцию. Поэтому лотерея в этом вопросе также не является исключением.

На сегодняшний день для нас крайне важным является обеспечение защиты интересов граждан Казахстана.

Мы находимся в Евразийском экономическом союзе, поступают различные предложения. На сегодняшний день они рассматриваются. Конкретных решений нет, четких планов нет. Но во главу угла мы ставим защиту интересов наших граждан.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Жүсіп Нұртөре Байтілесұлына беріледі.

ЖҮСІП Н.Б. Лотерея операторының негізгі міндеті жиналған қаражатты спортты дамытуға бағыттайды деп отырсыз. Қаражат халықтан жиналады. Ал «Сәтті Жұлдыз» 370 миллион теңгені Ұлттық Олимпиадалық комитетке жіберіпті. Осындай қаражат оның әкімшілік шығыстарын жабуға кеткен екен.

Осы халықтан жиналған ақшаны халықтың өзіне, оның ішінде ауыл спортын дамытуға, қалада аула спортын дамытуға неге жұмсауға болмайды? Халық сол кезде өзінің қалтасынан шыққан қаражаттың қайда кеткенін көрер еді ғой.

Егер «Сәтті Жұлдыз» 15 жылдың ішінде елді мекендерде балаларға арналған 15 спорт алаңын салып беретін болса, кеткен қаржыны тиісті мақсатқа жұмсалды деп қабылдар еді ғой. Осыған не айтасыз?

РАЙЫМҚҰЛОВА А.Р. Сұрағыңызға рақмет.

Шынында да мен айтып кеткен Үкімет бұйрығының нәтижесінде осы «Сәтті Жұлдыз» және қандай да бір ұйым, егер осы конкурстан ұтса, онда ол өзінің ұтысының 10 пайызын спортқа жібереді деген ережелерге қатысты. Соның нәтижесінде әртүрлі ұйымдармен бірге «Сәтті Жұлдыз» да қатысып, ұтыстарынан 15 пайызға дейін спортқа жібереміз деп өзінің кепілдігімен бүгінгі күні жұмыс істеп жатыр.

Сіздің сұрағыңыз өте маңызды және орынды. Мәдениет және спорт министрлігі өзінің кепілдігін беріп, өзіңіз айтқандай, қаражатты ел спортына, ауыл спортына, мәдениетке, археологияға жіберетіндей етіп Үкіметтің қорытындысын ала отырып, келесі заңдарға осындай ұсыныстар жасайтынына біз кепілдік береміз.

ТӨРАҒА. Жақсы.

Сөз депутат Әбдікерев Рысқали Қалиақбарұлына беріледі.

ӘБДІКЕРОВ Р.Қ. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Ішкі істер министрлігінің және Қаржы министрлігінің өкілдеріне арналады.

Соңғы кезде еліміздің аумағында әртүрлі қаржылық пирамидалардың және әлеуметтік желі арқылы заңсыз лотереялар ойнатып, түрлі ұтыс ұйымдастыратындардың саны жылдан-жылға көбейіп бара жатқандығы байқалуда.

Мәселен, жуырда мәлім болған «Гарант 24 Ломбард», «Выгодный займ» және «Estate Ломбард» деп аталатын қаржылық пирамидаларға еліміздің барлық өңірінен 40 мыңдай адам қатысып, қазіргі таңда олардың 11 мыңға жуығы жәбірленуші деп танылып отыр. Оның ішінде Нұр-Сұлтан қаласы бойынша 3 миллиард теңгеге жуық, ал Алматы, Ақтөбе, Шымкент қалалары бойынша 2 миллиардтан астам теңгеге шығын келтірілген.

Оның үстіне күні кеше Алматы қаласында «Лидер» сауда маркасымен жұмыс жасап келген тағы бір қаржы пирамидасы 37 миллион АҚШ долларына ойын ойнатып, қарапайым халықты алдап кеткендігі белгілі болды.

Осыған орай сұрақ. Қазіргі таңда заңсыз қаржылық пирамидалар мен лотерея арқылы ұтыс ойындарын ұйымдастыруға қатысты қанша әкімшілік-қылмыстық іс қозғалды? Жалпы қанша адам қаржылай зардап шекті және қанша жәбірленушінің қаржысы қайтарылды?

Сондай-ақ осындай заңсыз әрекеттерге тосқауыл қою немесе алдын алу мақсатында қандай іс-шаралар атқарылуда? Рақмет.

ЗАППАРОВ А.Р. Ішкі істер министрінің орынбасары Заппаров.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 187-бабына сәйкес Қылмыстық кодекстің 217-бабы (қаржылық пирамиданы құру және ұйымдастыру) Ішкі істер министрлігі мен Экономикалық тергеу қызметінің құзыретіне жатады.

Сұраққа байланысты ақпарат айтып өтсем.

Что нами предпринимается на сегодняшний день? Согласно указанию Генеральной прокуратуры в каждом регионе созданы специализированные группы по противодействию деятельности финансовых пирамид. За последние три года (2017 – 2020) по статье 217 Уголовного кодекса подразделениями полиции возбуждено 42 уголовных дела, по которым расследовалось 975 эпизодов преступлений.

Справочно: в 2017 году было возбуждено 11 уголовных дел, 415 эпизодов, в 2018 году – 9 уголовных дел, 180 эпизодов, в 2019 году – 10 уголовных дел, на сегодняшний день – 12 уголовных дел, 180 эпизодов.

За совершение указанных преступлений выявлено 38 преступных групп, в том числе одна транснациональная.

В период с 2017 по 2019 годы наше министерство расследовало уголовное дело в отношении граждан Казахстана, России и Испании, которые создали финансовую пирамиду под названием «Questa Holding». В декабре 2019 года виновные лица приговорены к лишению свободы на длительные сроки, от 8 до 10 лет. Общий ущерб, нанесенный данной преступной группой, составляет более 9 миллиардов тенге.

В текущем году нами расследуются резонансные уголовные дела в отношении ТОО «Гарант-24 Ломбард», «Эстейт Ломбард» и «Выгодный заем». Филиалы этих компаний функционировали в 15 регионах нашей страны, куда были вовлечены более 39 тысяч человек. На сегодняшний день с заявлениями обратились 9393 наших граждан. Расследование данных уголовных дел находится на контроле руководства нашего министерства.

Кроме того, в настоящее время совместно с Агентством по регулированию и развитию финансового рынка создана межведомственная рабочая группа по проверке деятельности других ломбардов. На сегодняшний день проверена деятельность 66 ломбардов. Организация работы данной линии находится на постоянном контроле руководства. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рысқали Қалиақбарұлы, Қаржы министрлігінің өкілі жоқ, бірақ Ішкі істер министрлігінің өкілі сұрағыңызға жауап берді деп ойлаймын.

Сөз депутат Бекназаров Нұрлан Құдиярұлына беріледі.

БЕКНАЗАРОВ Н.Қ. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым министр Ақтоты Рахметоллақызына. Сұрақ екі бөлімнен тұрады.

Біріншісі, сіздің баяндамаңызда да бар және заң жобасында да белгіленген «Сәтті Жұлдыз» АҚ-на 15 жылға толық өкілеттік беріліп отыр.

Осы «Сәтті Жұлдыз» АҚ-ның жарғы қорында Үкіметтің үлесі бар ма?

РАЙЫМҚҰЛОВА А.Р. Кешіріңіз, тағы қайталап жібересіз бе?

БЕКНАЗАРОВ Н.Қ. «Сәтті Жұлдыз» АҚ-ның жарғысында Үкіметтің үлесі бар ма, әлде жеке тұлғалардан тұра ма?

РАЙЫМҚҰЛОВА А.Р. Жоқ, бұл жеке тұлғалардың акционерлік қоғамы.

БЕКНАЗАРОВ Н.Қ. Екінші сұрақ. Жаңа өзіңіздің баяндамаңызда айтып отырған сыйақылар, ұтыс көлемі анықталатын мәселелер бойынша сіздердің болашақта бекітетін ережелеріңіз (лотереяны өткізу ережесі бойынша да) тираж комиссиясының қызметіне қатысты бөлімдерінің еш жерінде жоқ. Лотереяның негізгі қағидаттары – негізгі бастамасы болып белгіленетін ұтыс қорының анықталуы. Мысалы, әр тиражда билеттің қанша шығарылғаны, қаншасы сатылғаны, қаншасы жойылғаны, содан кейін барып ұтысқа шығаратын қор, одан кейін комиссияның қор анықталады. Негізгі қағидаты – ұтыс қорды анықтау тираж комиссиясының қызметінде де, ережеде де еш жерде көрсетілмеген. Айтыңызшы, себебі неде?

РАЙЫМҚҰЛОВА А.Р. Сұрағыңызға рақмет.

Бүгінгі қарастырылып отырған лотереялар және лотерея қызметі туралы заңнама 2016 жылы басталғанда өзіңіз айтқандай, тираждық комиссияның жұмыстары, агенттіктердің жұмыстары қарастырылмаған. Осы жолы депутаттардың сауалына сәйкес және жалпы қоғамның сұранысына сәйкес тираждық комиссиялардың ережесі біздің министрліктің бұйрығыменен жасалып жатыр.

Бүгінгі күні ұтыстар жасалғаннан бастап осы тираждық комиссияның өткізу тәртібі, лотереяның түрлері туралы ережелерді бекіту, сонымен қатар оларды өткізу тәртібін, билеттерін таратуды және осы хаттамаларды бекіту, ұтыстар болғанда ұтыстардың көлемін және өткізілетін мерзімдерін, болатын адамдардың тізімдерін рәсімдеу құқықтары енгізіліп жатыр.

Әрине, бүгінгі күні бұл ереже – бірінші жобасы. Қоғамда өзінің жұмысын көрсеткенде, әрине, біз бұл ережелерді әрі қарай да жақсарту жұмысын өзімізге міндеттейміз.

ТӨРАҒА. Жақсы.

Басқа сұрақтар жоқ. Рақмет, Ақтоты Рахметоллақызы, орныңызға отыруға болады.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшесі Манап Шарапиденұлы Көбеновке беріледі.

КӨБЕНОВ М.Ш. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне лотереялар және лотерея қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасының мақсаты Қазақстан Республикасында лотереялар және лотерея қызметі саласындағы қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеуді жетілдіру, сондай-ақ лотерея қызметі жүйесінің әлеуетін сақтау және оны одан әрі дамытуды қамтамасыз ету болып табылады.

Заң жобасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске, сондай-ақ «Жарнама туралы» және «Лотереялар және лотерея қызметі туралы» заңдарға өзгерістер мен толықтыруларды енгізеді.

Заң жобасының міндеттері мыналар болып табылады:

лотереяны таратушының қызметін регламенттеу;

лотереяны ұйымдастырудағы технологиялар дамуының қазіргі заманғы деңгейін ескере отырып, тираждық комиссияның қызметін оңтайландыру;

лотереяларды және лотерея қызметін реттеу саласындағы қолданыстағы құқықтық кемшіліктерді жою болып табылады.

Заң қабылданғаннан күтілетін нәтижелер:

азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды күшейту;

уәкілетті органға лотерея қызметін жедел реттеу мүмкіндігін беру.

Сенаттың тұрақты комитеттерінен заң жобасының концепциясы бойынша ескертулер мен ұсыныстар келіп түскен жоқ.

Заң жобасы жұмыс тобының төрт отырысында және комитеттің кеңейтілген отырысында жан-жақты талқыланды. Талқылау барысында қолданыстағы «Лотереялар және лотерея қызметі туралы» Заңның 14-бабы бойынша ұсыныстар айтылды.

Атап айтқанда, осы бапқа сәйкес лотерея операторы өткізілген лотерея билеттерінен, түбіртектерден немесе өзге де құжаттардан, тіркелген лотерея мөлшерлемелерінен түскен түсім мен жүлде қоры арасындағы айырманың кемінде 10 пайызын дене шынықтыру мен спортты дамытуға бюджеттен тыс ақша қаражатын бөлу жөніндегі бірыңғай операторға тоқсан сайын жіберуге міндетті.

Менің ойымша (және әріптестерім де айтып отыр), бұл қаражат қолданыстағы заңда көзделгендей, дене шынықтыру мен спортты дамытуға ғана емес, мәдениетті, тарихи-мәдени мұраны, туризмді дамытуға, сондай-ақ уәкілетті орган айқындайтын басқа да салаларға бағытталуы тиіс. Яғни уәкілетті органға осындай мүмкіндік заңмен көзделсе деген ұсынысым бар.

Әзірлеуші осы ұсынысты келешекте қарастыруға және қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына тиісті өзгерістер енгізуге уәде берді.

Баяндалғанды ескере келе, Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті «Қазақстан Республикасы Парламентінің комитеттері мен комиссиялары туралы» Заңның нормаларын басшылыққа ала отырып, Сенат Регламентінің 58-тармағына сәйкес Парламент Мәжілісі мақұлдаған заң жобасын Сенат отырысының қарауына енгізеді және оны бірінші оқылымда мақұлдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Манап Шарапиденұлы.

Енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Слово предоставляется депутату Бортнику Михаилу Михайловичу.

БОРТНИК М.М. Рақмет.

Уважаемый Маулен Сагатханович! Уважаемые коллеги! Положениями рассматриваемого законопроекта восполняются правовые пробелы в сфере лотереи и лотерейной деятельности с учетом опыта, наработанного с момента принятия Закона «О лотереях и лотерейной деятельности» в 2017 году, и современного уровня развития технологий организации лотерейного бизнеса.

Лотерейная деятельность является быстроразвивающейся отраслью, которая должна приносить значительные доходы в бюджет государства.

В то же время должен отметить, что современные тенденции развития технологий требуют четкого порядка и эффективных мер контроля. Так, широкое распространение цифровых технологий стимулирует реализацию лотерейных билетов в электронной форме. Для упорядочения данного вопроса в рассматриваемом законопроекте предусмотрено введение требований к содержанию электронной формы билетов.

Кроме того, международная практика показывает, что необходимо обеспечить прозрачность и безопасность системы организации и проведения лотерей. Для этого в проекте закона за тиражными комиссиями закрепляются новые обязанности по подтверждению результатов проведения тиража, соответствия условий проведения лотереи требованиям законодательства.

Считаю, что принятие данного законопроекта будет способствовать дальнейшему развитию лотерейной деятельности в республике и призываю коллег поддержать рассматриваемый законопроект.

Спасибо за внимание.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Талқылау аяқталды. Әріптестер, шешім қабылдайық. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне лотереялар және лотерея қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 47 депутат, «жақтағандар» – 47. Қаулы қабылданды.

Бас комитетке заң жобасын екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Сөз Серік Рыскелдіұлына беріледі.

ДЖАҚСЫБЕКОВ С.Р. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Сенат отырысының бүгінгі күн тәртібіне «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне лотереялар және лотерея қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен

толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын екінші оқылымда қарауды енгізуді ұсынамын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Әріптестер, бұл ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 47 депутат, «жақтағандар» – 47. Шешім қабылданды. Заң жобасы бүгін екінші оқылымда қаралады.

Құрметті әріптестер, қазір күн тәртібіне қосымша енгізілген заң жобалары бойынша комитеттердің отырыстарын өткізу үшін 10 минутқа үзіліс жариялаймын.

ҮЗІЛІС.

ҮЗІЛІСТЕН KEЙІН.

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, тіркеуден өтулеріңізді сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 47 депутат, қажетті кворум бар. Жұмысымызды жалғастырамыз.

Құрметті сенаторлар! Келесі мәселе күн тәртібіне қосымша енгізілген «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне соғыс жағдайы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын екінші оқылымда қарау жөнінде.

Сөз Нұржан Нұрланбекұлы Нұрсипатовқа беріледі.

НҰРСИПАТОВ Н.Н. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Үзіліс кезінде қарастырылып отырған заң жобасы бойынша біздің комитеттің отырысы өткізілді.

Сенаттың тұрақты комитеттерінен құжат бойынша ескертпелер мен өзгерістер келіп түскен жоқ, тек запастағы сержанттар бағдарламасы бойынша жоғары оқу орындары әскери кафедраларында студенттерді даярлау, олардың әскери ант қабылдау мәселелеріне қатысты бір ғана ұсыныс келген болатын. Жан-жақты талқылау барысында толық та нақты жауаптар берілгеннен кейін бастамашы тарапынан бұл сұрақтар алынып тасталды.

Құрметті әріптестер, баяндалғанды ескере отырып, комитет заң жобасын екінші оқылымда қабылдауды ұсынады. Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет, Нұржан Нұрланбекұлы.

Әріптестер, заң жобасы бүгін талқыланды. Тағы да талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса, шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне соғыс жағдайы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан

Республикасы Заңының жобасын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 47 депутат, «жақтағандар» – 47. Заң қабылданды.

Осы заң жобасы бойынша шақырылған азаматтарға рақмет.

Құрметті сенаторлар! Келесі мәселе «Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне соттар жұмысының заманауи форматтарын ендіру, артық сот рәсімдері мен шығындарын қысқарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын екінші оқылымда қарау жөнінде.

Сөз Сәуле Мұханбедианқызы Айтпаеваға беріледі.

АЙТПАЕВА С.М. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Заң жобасының басты мақсаты азаматтық процесті оңтайландыру, сөзбұйдаға салуды, артық рәсімдерді болдырмау, үздік цифрлық технологияларды енгізу.

Азаматтық сот ісін жүргізу сотқа құқықтар мен заңды мүдделерді қорғау міндетін жүктейді. Сондықтан азаматтық процесс азаматтар үшін түсінікті және ыңғайлы болуы қажет. Ол үшін судьяның құқықтық құралдары болуы тиіс. Заң жобасы осы мәселе бойынша шығарылған.

Тараптармен істің мән-жайын талқылау, тараптардың құқықтық ұстанымдары мен дәлелдерін нақтылау.

Сот тараптардың барлық елеулі фактілері бойынша уақытылы және толық түсініктеме беруіне, соның ішінде мәлімделген фактілер бойынша мәліметтерді толықтыруына, дәлелдеу құралдарын көрсетуіне және тиісті өтініш-хаттарды мәлімдеуіне жәрдемдесуі тиіс.

Сот актісін түсіну және судьяның осындай қорытындыға не үшін келгенін түсіну көптеген мәселелерді шешіп, сенім үшін негіз құрады.

Заң жобасы шамадан тыс іс жүргізу әрекеттері мен сот актілерін қысқартуды көздейді.

Өзіне күрделі емес мәселелерді тараптарды шақырмастан соттың қарауын білдіретін іс жүргізу әрекеттерін оңтайландыруға бағытталған нормаларды қамтиды.

Бұйрықтық және оңайлатылған іс жүргізу істерін электрондық форматқа аудару азаматтардың күту уақытын қысқартады.

Бұл ретте, егер тарап қаласа, онда дәстүрлі қағаз форматына кедергісіз өтуге болады.

Талап қою ісін жүргізу істері бойынша мұндай форматты сот тараптардың пікірін ескере отырып айқындай алады.

Заң жобасында сот жүйесін цифрландыруды одан әрі жетілдіру үшін бірқатар басқа да прогрессивті жаңалықтар қамтылған.

Енгізілген түзетулер азаматтық іс жүргізу саласындағы озық халықаралық тәжірибені ескереді.

Заң жобасы әзірлеушілердің, мемлекеттік органдар өкілдерінің және Аппарат қызметкерлерінің қатысуымен жұмыс топтарында қаралды.

Бас және бейінді комитеттердің отырыстарында егжей-тегжейлі талқыланды.

Жұмыс барысында заң жобасы бойынша депутаттардан және тұрақты комитеттерден ескертулер мен ұсыныстар келіп түскен жоқ.

Баяндалғанды ескере отырып, Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабын басшылыққа алып, Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне соттар жұмысының заманауи форматтарын ендіру, артық сот рәсімдері мен шығындарын қысқарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдауға ұсыным береміз.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Сәуле Мұханбедианқызы.

Заң жобасы бүгін талқыланды. Тағы да талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса, шешім қабылдайық. Бірақ шешім қабылдардың алдында регламентке қатысты мәселе бар.

Сенат Регламентіне байланысты біз ресми түрде сағат 12.00-12.30 арасында үзіліс жариялауымыз керек, бірақ жұмысымызды жалғастыра беру туралы ұсыныс бар. Әріптестер, қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда жұмысымызды жалғастырамыз.

«Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне соттар жұмысының заманауи форматтарын ендіру, артық сот рәсімдері мен шығындарын қысқарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 47 депутат, «жақтағандар» – 47. Заң қабылданды.

Құрметті депутаттар! Азаматтық процестік кодекске енгізіліп отырған түзетулер Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша әзірленген.

Өзгерістер мен толықтырулар сот жүйесін одан әрі жаңғыртуға және артық сот рәсімдерін қысқартуға септігін тигізеді. Сондай-ақ заманауи электрондық сервистерді енгізуге, азаматтардың еліміздегі сот жүйесіне деген сенімін арттыруға мүмкіндік береді. Сондықтан кодекске енгізілген түзетулер сот төрелігінің жеделдігін және тиімділігін қамтамасыз етіп, сот жүйесінің одан әрі дамуына оң әсерін тигізеді деп сенеміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті сенаторлар! Келесі мәселе «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне лотереялар және лотерея қызметі мәселелері бойынша өзгерістер

мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын екінші оқылымда қарау жөнінде.

Сөз Манап Шарапиденұлы Көбеновке беріледі.

КӨБЕНОВ М.Ш. Құрметті Төраға, құрметті әріптестер! Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне лотереялар және лотерея қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын ағымдағы жылдың 4 маусымдағы комитеттің кеңейтілген отырысында заң жобасын әзірлеуші өкілдердің қатысуымен екінші оқылымда қарады.

Заң жобасының мақсаты Қазақстан Республикасындағы лотереялар және лотерея қызметі саласындағы қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеуді жетілдіру, сондай-ақ лотерея қызметі жүйесінің әлеуетін сақтау және оны одан әрі дамытуды қамтамасыз ету болып табылады.

Заң жобасында лотереялар мен лотерея қызметін реттеудің тетіктері мыналар арқылы жетілдіріледі:

лотерея операторы болып табылмайтын тұлғаның лотерея өткізгені үшін жауаптылықты белгілеу;

лотереяны таратушының мәртебесін заңнамалық тұрғыдан бекіту;

лотереяның операторы немесе лотереяның таратушысы болып табылмайтын тұлғаның лотерея таратуына тыйым салуды енгізу;

лотерея билеттерінің электронды нысандарына және лотереяны өткізу үшін пайдаланылатын құрал-жабдықтарға қойылатын талаптарды белгілеу;

лотереяның операторы және лотереяның таратушысы болып табылмайтын тұлғалардың лотерея жарнамасына тыйым салу.

Заң жобасы бойынша келіп түскен ескертулер мен ұсыныстарды негіздемелерді бергеннен кейін бастамашылар алып тастады.

Заң жобасы бойынша ескертулер мен ұсыныстар жоқ.

Баяндалғанды ескере келе, Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті «Қазақстан Республикасы Парламентінің комитеттері мен комиссиялары туралы» Заңның нормаларын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне лотереялар және лотерея қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын Сенат отырысының қарауына енгізеді және Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес оны қабылдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Манап Шарапиденұлы.

Заң жобасы бүгін талқыланды. Тағы да талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса, шешім қабылдайық. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне лотереялар және лотерея қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 47 депутат, «жақтағандар» – 46. Заң қабылданды.

Осы заң жобасы бойынша шақырылған азаматтарға рақмет.

Құрметті депутаттар! Күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралды. Енді депутаттық сауалдарға көшеміз.

Депутаттық сауалдар бар ма? Сөз депутат Нұралиев Әбдәлі Тоқбергенұлына беріледі.

НҰРАЛИЕВ Ә.Т. Құрметті Мәулен Сағатханұлы! Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне жолданады.

Қысқартылған нұсқасы.

«Құрметті Асқар Ұзақбайұлы! Қоршаған ортаны қорғау, еліміздің әлеуметтік-экономикалық саясатының ажырамас бөлігі болып саналады. Елімізде жаңа Экологиялық кодекс жобасы жасақталып, оны көпшілік талқылауына енгізу де бұл мәселенің қоғам үшін маңызы зор екендігін көрсетеді.

Біздің депутаттық сауалымызға арқау болған Жамбыл облысы Тараз қаласы маңында орналасқан «Казфосфат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің «Минералды тыңайтқыштар» Тараз филиалы аумағында 12 миллион 316 мың тонна көлемінде жиналған өндірістік фосфогипс қалдықтарына байланысты өңірлік экологиялық мәселелер.

Бүгінгі күні жауапкершілігі шектеулі серіктестігіндегі фосфогипстің көлемі жылдан-жылға көбеюде және қалдықтар орналастыратын арнайы орын тау сипатта толығып, осы маңда ақ түсті шаңдауытты қалдықтардың үлкен көлемдегі үйіндісі екінші «тау» болып, бой көтеріп келеді.

Қалдықтардың көлемінің ұлғайтуына және арнайы орынның тапшылығына байланысты жауапкершілігі шектеулі серіктестік осы фосфогипсті тыңайтқыш ретінде жермен айналысатын шаруа қожалықтарына ақысыз тегін жіберуге ұсыныс жасаған. Осы орайда Жамбыл облыстық әкімшілігі шаруа қожалықтарының фосфогипсті пайдалану, тасымалдау қымбатшылығынан тиімсіз деп танып отырғандарына байланысты осы аталған өндірістік қалдықтарды бір жағынан тиімді пайдалану және кәдеге жарату мақсатында облыстық әкімшілік тарапынан «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен негіздей отырып, Ауыл шаруашылығы министрлігіне фосфогипсті тыңайтқыштар тізбесіне енгізуді, сонымен қатар шығындардың құнын ішінара өтеуге арналған субсидиялау нормаларын қарастыруды сұраған хаттар жолдаған.

Аталмыш сұраныс фосфогипсті минералдық тыңайтқыш ретінде қолданудың тиімсіз болуына байланысты Ауыл шаруашылығы министрлігінен қолдау таппаған.

Бүгінде қалдықтар үйіндісі күннен-күнге өсуде. Бұл ең алдымен Тараз қаласы іргесіндегі елді мекен тұрғындарының денсаулығына байланысты алаңдаушылықтарын туғызуда, жұрттың бұған деген наразылығы үдеп, күшеюде. Жел тұрғанда үйіндіден тараған шаңнан айнала тұтасып кетеді. Өңірдегі қоршаған ортаның жағымсыз экологиялық жағдайы кешенді шаралар атқаруды талап етеді.

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы! Жоғарыда айтылған жайттарды және жеріміз бен суымыздың табиғатын қорғау, оны келер ұрпаққа табиғи жаратылысында тапсыру бәріміздің де ұлт алдындағы борышымыз екенін ескере отырып, фосфогипс өндірістік қалдықтарына байланысты экологиялық түйткілдерді зерттейтін химия саласы ғалымдары және мамандарымен халықаралық озық тәжірибелер үлгісінде экологиялық сараптама жүргізіп, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға, қоршаған ортаны қорғауға және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған нақты шараларды іске асыруға ықпал етуіңізді сұраймыз.

«Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 27-бабына сәйкес депутаттық сауалды қарау нәтижелері туралы заңда белгіленген мерзімде жазбаша жауап беруді сұранамыз.

Құрметпен, депутаттар Нұралиев, Жолдасбаев, Қожамжаров, Мамытбеков». Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Жүсіп Нұртөре Байтілесұлына беріледі.

ЖҮСП Н.Б. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Маминге арналады.

«Құрметті Асқар Ұзақбайұлы! Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» деген болатын. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев та: «Қазақтың тілі – қазақтың жаны! Халқымыздың тарихы да, тағдыры да – тілінде. Мәдениеті мен әдебиеті де, ділі мен діні де – тілінде. Меніңше, тілдің тұғыры да, тағдыры да бесіктен, отбасынан басталады» деп атап көрсетті.

Қасым-Жомарт Кемелұлы «отбасында ана тілінде сөйлеп өскен бүлдіршіннің тілге деген ықыласы терең, құрметі биік болады» дей келіп, осы тұрғыда балабақшаларда, мектептерде мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруді назарда ұстау қажеттігін атап көрсетті.

Сізге және Үкімет мүшелеріне бір сұрақ қойғымыз келеді. Сіздердің балаларыңыз бен немерелеріңіз қандай кітап оқып жүр? Солардың арасында Қазақстанда шыққан кітаптар бар ма? Бар болса, олардың сапасына көңілдеріңіз тола ма?

Әдебиет – адам жанының айнасы.

Балалар әдебиеті – ұлттық мәдениеттің негізін сақтаудың, ана тілінің байлығын арттырудың, сөйлеу мәдениетін қалыптастырудың ең қуатты механизмі.

Балалар әдебиетіне өлшеусіз үлес қосқан классик жазушылардың көбісі өмірден өтіп кетті, кезек жас толқынға келді.

Қазақстан жазушылар одағының 700 мүшесінен балалар әдебиетімен айналысатын 70 жазушы шықса, бөркімізді аспанға атқан болар едік.

Қазақстанда мектеп жасына дейінгі үш жасар баладан бастап, он алты жасқа дейінгі оқушыларға көркем әдеби тілде жазылған тартымды туындылар жетіспейді.

Бауыржан Момышұлының «Ертегісіз өскен бала рухани мүгедек адам» деген қанатты сөзі бар.

Гүлге су құймаса, солып қалады, өспейді. Балалар әдебиеті де сол гүл сияқты. Бұл салаға қомақты қаржы құйылмаса, ешкім жөндеп айналыспайтын болады.

Кембридж тәсілі бойынша, 1-сыныпқа кірген оқушының сөздік қоры үш мың сөзге жетуі тиіс екен. Ата-анасы күні бойы жұмыста, сәби кезінде ертегі тыңдамаған, тақпақ жаттамаған балада қандай сөздік қор болады?

Горькийдің «Балалар жазушысы өзге жазушылардан да сапалы жазуы керек» дейтін сөзі бар.

Кішкентай балалар үшін шығарма жазу өте қиын. Ғалымдардың зерттеуіне қарағанда, әрбір онжылдықта дүниеге келген бала психологиясы бір-бірінен мүлдем алшақ болады екен, яғни баланың жанын түсінбей, жақсы туынды шықпайды деген сөз.

Сондықтан халықтың рухани ахуалын балалар әдебиетінің дамуымен өлшеу керек.

Біз «мемлекеттік тіл неге өз дәрежесінде дамымай отыр?» деген сауалды жиі қоямыз. Балалар әдебиеті дұрыс өркен жайғанда ғана мемлекеттік тілдің тұғыры берік болатынын ескере бермейміз.

Бәлкім, бұл сауалға Үкімет тарапынан «қаржат жоқ» деген де жауап естуіміз мүмкін.

Елімізде жыл сайын әлеуметтік бағдарланған мемлекеттік тапсырыс бойынша қаражат бөлінеді. 2018 жылы 1 миллиард 845 миллион теңге, 2019 жылы 1 миллиард 101 миллион қаражат бөлінген. Соның ішінде балалар әдебиетіне бөлінген ақша 89 миллион 183 мың және 19 миллион 420 мың теңге. 2020 жылға 821 миллион теңге бөлу жоспарланса, соның 46 миллионы ғана балалар әдебиетіне арналып отыр.

Шығатын кітаптардың ішінде балалар әдебиетінің үлес салмағы өте төмен. Таралымы да, сапалық жағы да көңіл көншітпейді. Кейбір авторлар кітаптарды өз қаражатына шығарады.

Қазір әлемде полиграфия ісі өте жақсы дамыған, дизайн мен графиканың уақыты. Қазақстандағы баспалардың жұмысы осы орайда халықаралық стандарттарға сай келе бермейді. Халықаралық тәжірибелерге сүйену керек. Шетелде автор, иллюстратор, баспагер, әдеби агент, тұтас шығармашылық топ күш біріктіріп, жұмыс істейді. Бұл ретте бізге алысқа бармай-ақ, көрші Ресей тәжірибесінен үйренуге болар еді. Ресейде «Aromabook», «Scentbook» деген баспалар бар. Алма туралы өлең жарияланса, алманың иісі шығып тұрады. Өте тартымды. Кітапқа ұялы телефонды жақындатса, кітаптың ішіндегі суреттер қимылдайды. Мұндай кітаптарды көрген, оқыған балалар кітапқа жабысып, айырылмай қалады, кітапқа деген ықыласы артады.

Ресейде «Театр теней» деген де керемет қосымша бар. Сурет арқылы балаларды әдебиетке қызықтырып отырады.

Біздің ауылдық мектеп кітапханаларында балаларға арналған әдебиеттер жеткіліксіз. Интернет және гаджеттер ғасырында балалар кітап туралы ұмытпауы тиіс.

Балалар әдебиетін дамыту үшін «Балалар драматургиясы», «Балалар прозасы», «Балалар поэзиясы» деген түрлі бәйгелер мен конкурстар ұйымдастырып тұру керек.

Қуыршақ театрларындағы балаларға арналған репертуар тым жұтаң. Олардың көбісі ересектерге арналған.

Қазір бізге барлық күшті балалар әдебиетін дамытуға салу керек.

Қазақстан Республикасындағы тілдерді дамытуға арналған «Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту» бюджеттік бағдарламасы бойынша да біраз қаражат көзделген. Мемлекетте қаражат жоқ емес, соның ең кем дегенде 50 пайызын балалар әдебиетін дамытуға бағыттау қажет.

Еуропаның мемлекеттерінде, сондай-ақ Ресейде, Латвияда, Бельгияда кітаптарға салынатын қосымша құн салығы 5 пайыздан аспайды. Ұлыбритания, Ирландия, Норвегия, Польша, Украина елдерінде кітапқа салық мүлдем салынбайды.

Біздің ұсыныстарымыз:

жоғарыда аталған бағдарламалар шеңберінде балалар әдебиетін дамытуға арнайы қаржы бөлу;

балаларға арналған кітаптарды басып шығаруға жеңілдік беру үшін қосылған құн салығынан босату;

ұлттық мультфильмдер шығару ісінде жекеменшік компанияларды қаржылай қолдау тетіктерін қарастыру;

жергілікті әкімшіліктер тарапынан кітапханаларды «Балалар әдебиеті» бағдарламасын жасап, шыққан жаңа кітаптармен толықтырып отыру;

жасөспірімдердің кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру үшін электронды оқулықтарды енгізу қажет. Мұндай кітаптар қолдануға өте тиімді, барынша ыңғайлы, қазіргі заман талабына сай болғаны жөн.

Сондықтан Үкімет қазақ балалар әдебиетін дамытудың кешенді бағдарламасын жасап, аталған шараларды қолға алуы қажет деп есептейміз.

Депутаттар Жүсіп, Бақтиярұлы, Бектұрғанов, Жұмағұлов, Нөкетаева, Ершов, Төреғалиев, Қапбарова, Нұралиев, Нұржігітова».

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Мұқашев Төлеубек Төлеуұлына беріледі.

МҰҚАШЕВ Т.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Наш депутатский запрос адресован Премьер-Министру Республики Казахстан Мамину.

«Уважаемый Аскар Узакпаевич! В настоящее время в реализуемых государственных программах, в том числе и в Программе развития регионов на 2020 – 2025 годы, утвержденной постановлением Правительства от 27 декабря 2019 года, основным импульсом развития является курс на урбанизацию страны. Так, в Программе развития регионов констатируется, что именно город рассматривается в качестве точки роста социально-экономического подъема Казахстана, иначе говоря, приоритетом определена именно урбанизация, тогда как вопросы развития сельских населенных пунктов отошли на второй малозначительный план.

На наш взгляд, увеличение городского населения как фактор повышения конкурентоспособности экономики страны пока не в полной мере отвечает возможностям государства. Эволюционный, естественный путь урбанизации страны не оспаривается и должен происходить, когда имеются на то новые передовые технологии, на высоте находится научно-технический прогресс, развито отечественное конкурентоспособное товаропроизводство.

Кроме того, считаем, что развитие городов должно быть под жестким контролем Правительства, с созданием необходимой инфраструктуры, коммуникаций, доступа к сферам образования и здравоохранения.

Неконтролируемая урбанизация может привести к негативным последствиям и определенной социальной напряженности. На это указывал Глава государства Касым-Жомарт Кемелевич Токаев 8 октября 2019 года на совещании в городе Нур-Султане.

Сегодня можно констатировать, что в структуре экономических показателей городов пока преобладает лишь сфера услуг. Развитие территорий сосредоточено в полюсах роста сервисной экономики. К примеру, в южной столице валовой региональный продукт сферы услуг составляет почти 36 процентов, а по таким отраслям, как промышленность, обрабатывающая промышленность, отмечается всего 4,8 процента и 4 процента соответственно.

В целом по республике наибольшее количество зарегистрированных юридических лиц приходится на оптовую и розничную торговлю – 29,3 процента от общего количества юридических лиц, а в обрабатывающей промышленности их доля составляет всего 5,2 процента.

Казахстан имеет исторически сложившиеся сильные традиции на селе, которые остаются недооцененными, чтобы стать одним из ведущих мировых производителей качественного, органического, экологически чистого продукта, что весьма востребовано мировым сообществом.

Более того, несмотря на то, что села в Казахстане за 30 лет независимости опустели, число сельчан выросло с 6,6 миллиона человек в 2000 году до 7,7 миллиона человек к началу 2019 года.

Но что мы имеем сейчас? Из десятилетия в десятилетие остаются одни и те же регионы–доноры, их количество не меняется, подавляющая часть регионов до сих пор нуждается в значительных трансфертах из бюджета. Несмотря на значительные вложения в агропромышленный комплекс, традиционные для Казахстана сферы АПК на внутреннем рынке импортозависимы. Порядка 80 процентов продукции продается как сырье, а переработанные на экспорт продукты уступают по количеству и качеству на мировом продовольственном рынке.

Ежегодно с карты страны исчезают десятки сел, люди бегут из аулов в города, так как качество жизни сельчан оставляет желать лучшего. А ведь большинство проживающих на селе это самозанятые люди, источником доходов которых являются личные подсобные хозяйства.

Все мы заметили, что введенное во время чрезвычайного положения ограничение обнажило проблемы, связанные с обеспечением продовольственной безопасности и

нерегулируемым ростом цен на продукты первой необходимости. И это в очередной раз доказывает, что развитие сел должно стать приоритетом государственной политики с закреплением этого во всех программных документах, с единой комплексной концепцией достижения одной общей цели.

По нашему убеждению, программные документы, в первую очередь Программу развития регионов, необходимо комплексно ориентировать на развитие именно сельских населенных пунктов, являющихся основой аграрной отрасли нашей страны, возрождение национальных традиций казахстанского общества через реализацию проекта «Менің ауылым!» в рамках программы «Рухани жаңғыру». Как отметил Елбасы: «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды».

Уважаемый Аскар Узакпаевич, считаем, что необходимо внести корректировки в реализуемые государственные программы с учетом ситуации в мировой экономике в связи с пандемией и принять следующие меры.

Усилить развитие сельских территорий, сместив акценты на поддержку сельского предпринимательства. Это позволит создать рабочие места на селе, развить частные подсобные хозяйства-минифермы, которые будут базисом их роста, в крупные кооперации и в определенной степени достичь продовольственной безопасности».

И еще ряд предложений, но я не буду их зачитывать в связи с регламентом.

Депутатский запрос подписали Мукашев, Шакиров, Кул-Мухаммед, Нурсипатов, Бектаев, Кожамжаров, Нуржигитова, Енсегенов, Мусабаев, Кылышбаев, Акимов, Бекназаров.

Спасибо за внимание.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, басқа сауалдар жоқ.

Біз бүгін еліміздің сот жүйесін жетілдіретін, сондай-ақ қауіпсіздік, экономикалық және әлеуметтік мәселерді реттейтін маңызды заңдарды қабылдадық. Баршаңызға рақмет.

Осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

МАЗМҰНЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТИ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ
2020 жылғы 4 маусым

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Еуразиялық экономикалық одақ пен Қытай Халық Республикасының кедендік шекаралары арқылы өткізілетін тауарлар мен халықаралық тасымалдың көлік құралдары жөнінде ақпарат алмасу туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде

О проекте Закона Республики Казахстан «О ратификации Соглашения об обмене информацией о товарах и транспортных средствах международной перевозки, перемещаемых через таможенные границы Евразийского экономического союза и Китайской Народной Республики», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Қазақстан Республикасы Қаржы министрі Е.К. ЖАМАУБАЕВТЫҢ баяндамасы

Доклад Министра финансов Республики Казахстан ЖАМАУБАЕВА Е.К. 1

Сөз сөйлеген:

Выступил:

МҰСАБАЕВ Т.А. 2

Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Б.А. ШЕЛПЕКОВТИҢ қосымша баяндамасы

Содоклад члена Комитета по финансам и бюджету ЧЕЛПЕКОВА Б.А. 3

Сөз сөйлеген:

Выступил:

ҚЫЛЫШБАЕВ Н.Н. 4

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне соғыс жағдайы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам военного положения», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан, (первое чтение)

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары М.К. БЕКТАНОВТЫҢ баяндамасы

Доклад первого заместителя Министра обороны Республики Казахстан БЕКТАНОВА М.К. 5

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

ЛУКИН А.И.	7
ЕРШОВ С.М.	8

Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі Н.Н. НҰРСИПАТОВТЫҢ қосымша баяндамасы

Содоклад члена Комитета по международным отношениям, обороне и безопасности НУРСИПАТОВА Н.Н.	8
---	---

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

НҰРЖІГІТОВА Д.Ө.	9
ҚҰЛ-МҰХАММЕД М.А.	10

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексіне соттар жұмысының заманауи форматтарын ендіру, артық сот рәсімдері мен шығындарын қысқарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Гражданский процессуальный кодекс Республики Казахстан по вопросам внедрения современных форматов работы судов, сокращения излишних судебных процедур и издержек», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан, (первое чтение)

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы М.Т. ТАЙМЕРДЕНОВТЫҢ баяндамасы

Доклад председателя Судебной коллегии по гражданским делам Верховного Суда Республики Казахстан ТАЙМЕРДЕНОВА М.Т.	10
--	----

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

ЖҰМАҒАЗИЕВ М.С.	14
ПАН Н.В. – Қазақстан Республикасының Әділет вице-министрі, вице-министр юстиции Республики Казахстан	14

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі С.М. АЙТПАЕВАНЫҢ қосымша баяндамасы

Содоклад члена Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам АЙТПАЕВОЙ С.М.	15
---	----

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

ЕҢСЕГЕНОВ С.Қ.	17
ВОЛКОВ В.В.	19

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне лотереялар және лотерея қызметі

мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам лотерей и лотерейной деятельности», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан, (первое чтение)

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрі

А.Р. РАЙЫМҚҰЛОВАНЫҢ баяндамасы

Доклад Министра культуры и спорта Республики Казахстан
РАЙМКУЛОВОЙ А.Р. 20

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

ЕҢСЕГЕНОВ С.Қ. 22

ПЛОТНИКОВ С.В. 23

ЖҮСІП Н.Б. 25

ӘБДІКЕРОВ Р.Қ. 25

ЗАППАРОВ А.Р. – Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары,
заместитель Министра внутренних дел Республики Казахстан 26

БЕКНАЗАРОВ Н.Қ. 27

Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшесі М.Ш. КӨБЕНОВТИҢ қосымша баяндамасы

Содоклад члена Комитета по экономической политике, инновационному развитию и предпринимательству КУБЕНОВА М.Ш. 28

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

БОРТНИК М.М. 29

ДЖАҚСЫБЕКОВ С.Р. 29

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне соғыс жағдайы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам военного положения» (второе чтение)

Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі

Н.Н. НҰРСИПАТОВТЫҢ баяндамасы

Доклад члена Комитета по международным отношениям, обороне и безопасности НУРСИПАТОВА Н.Н. 30

«Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне соттар жұмысының заманауи форматтарын ендіру, артық сот рәсімдері мен шығындарын қысқарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Гражданский процессуальный кодекс Республики Казахстан по вопросам внедрения современных форматов работы судов, сокращения излишних судебных процедур и издержек» (второе чтение)

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі С.М. АЙТПАЕВАНЫҢ баяндамасы

Доклад члена Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам АЙТПАЕВОЙ С.М. 31

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне лотереялар және лотерея қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам лотерей и лотерейной деятельности» (второе чтение)

Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшесі М.Ш. КӨБЕНОВТИҢ баяндамасы

Доклад члена Комитета по экономической политике, инновационному развитию и предпринимательству КУБЕНОВА М.Ш. 33

Депутат Ә.Т. НҰРАЛИЕВТИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі А.Ұ. Маминге депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата НУРАЛИЕВА А.Т. к Премьер-Министру Республики Казахстан Мамину А.У. 34

Депутат Н.Б. ЖҮСІПТИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі А.Ұ. Маминге депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата ЖУСИПА Н.Б. к Премьер-Министру Республики Казахстан Мамину А.У. 35

Депутат Т.Т. МҰҚАШЕВТИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі А.Ұ. Маминге депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата МУКАШЕВА Т.Т. к Премьер-Министру Республики Казахстан Мамину А.У. 37

ШЖҚ-дағы "Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы" РМК директоры



А. Құсайынов

Стенографиялау қызметінің жетекші редакторы



И. Шыныбаева